Осы тақырыпқа қатысты пікір білдіріп, ғылыми негізде ізденістер жасап жүрген ғалымдардың ой-пікірлері әртурлі. Ғалымдардың көпшілігі Шыңжаң-Үйғыр автономиялы ауданының немесе Қытайдың Батыс бөліктерді игеру саясатын

жалпы Қытай саясатына баға беру барысында қарастырады. XXI ғасырдағы қытайдың халықаралық ықпалын зерттеу барысында көп жылдары ҚХР-да жоғары дипломатиялық қызметтерде болған ғалым, саяси журналист, қытайтанушы Мартин Джаскистің «When China rules the World: the end of the Western world and the birth of a new global order» [6] атты еңбегі ерекше қозқарастар мен тың мәліметтерге толы. Аталған автор өз еңбегінде қытайдың саяси жүйесіне баға беруде Батыстық өлшемдерді қолданудың дұрыс еместігін, қытайдың көне өркениетінің және жалпы қытай ұлтының таным-түйсігінің негізінде баға беру керектігін алға тартады. Сонымен қатар, М. Лантейн [7], Д. Шамбах [8,9], Н. Хачигиан [10], Томас Ж. Кристенсен [11], Сюзан Л. Ширк [12], Ж.Фенби [13], М. Леонард [14], Джейфрей Н. Вассерстром [15] сияқты ғалымдардың еңбектерінде XXI ғасырдағы ҚХР саяси-экономикалық дамуына әр қырынан талдаулар жасалған. Қытайдың ұлы күшке айналып бара жатуы немесе қытай басшыларының сыртқы әлем туралы қалай ойланатындықтары туралы, қытай туралы Батыс әлемі қалай ойлануы керек деген сияқты ерекше тұжырымдар жасалған. Аталған ғалымдардың еңбектерінде Шыңжаң-Үйғыр автономиялы ауданының геосаяси маңыздылығы терең сарапталмағанымен, бұл авторлардың еңбектерінен тақырыптың теориялық болмысын зерделеуге мол ақпараттар берілген. Мәселен, 2003-Қытайдың саяси ұстанымдарын, «гармониялық қоғам», «гармониялық әлем» идеяларын сараптау барысында Сань-Франциско университеті АҚШ-ҚХР саясатын зерттеу орталығының қызметкерлері Сюзиан Жюо редакторлығымен бірігіп жазған «China in search of a Harmonious society» [16] атты еңбегі Қытайдың Батыс бөліктерді игеру саясатындағы күш концепциясын қарастырады. Сонымен қатар, Сингапурлық ғалымдардың біріккен «China's power and Asian security» [17] атты ғылыми еңбектері және М. Ли «Soft power: China's emerging strategy in international politics» [18] атты еңбектер арқылы ағылшын тіліндегі ақпараттар легінде тек батыстық қозқарастар тұрғысынан емес, қытайға көршілес мемлекеттердің ғалымдарының қозқарастары тұрғысынан қарауға мүмкіншілік береді. Аталған еңбектердегі қозқарастар мен ақпараттардың құндылығы еш дау тудырмайды, тек бұл авторлардың еңбектеріне біздің толықтырарымыз қазақстандық қозқарас болмақ.

Негізгі бөлім

Теориялық-әдістемелік шолу: Шыңжан Қытай Халық Республикасы үшін XXI ғасырдағы аса маңызды және стратегиялық құнды аймақ болып табылады. Орталық Азия территориясының ішінде, қазактар «Шыңжан» деп атап жүрген, немесе қытайдан аударғанда «жана жер», «жана шекара» деп атаптың жүрген бұл географиялық аймақ «Азия жүрегі», «Тоғысу нұктесі» деп атаптың, онда өмір сүретін халықтар түрлі тарихи кезеңдерді басынан кешірді. Шыңжаның өткен тарихы бұырқанған оқиғаларға толы болды. Бұл жерде отырықшы және көшпелі халықтардың мәдениеті түйісіп, өзіндік өркениет қалыптасты. Яғни аймақта мындаған жылдардан бері тарихи және мәдени жолмен жетіліп келе жатқан дәстүрлі жолдар мен мұрагерлік ғұрыптарды саралау барысында «өркениеттік» ұстанымы кең қолданылуы тиіс. Себебі осы теория негізінде, аймақтағы жағдайлардың ауық-ауық өзгеріп түрганына қарамастан, аймақты өзінің ерекшеліктерін сактаған, біртұтас мәдениет пен саяси құрылым ретінде қарауга мүмкіндік береді. Аймақтың геосаяси маңыздылығының өте жоғары екендігін ескерсек, геосаясат ғылыми бағытының әдіс-тәсілдері ғылыми тұжырымдар жасауға нақты жолдар сілтей алады.

Хань дәүірінен бері «Шыңжан жері» орналасқан аймақты «Батыс Аймак» деп атап оған тек 1984 жылы ғана Цин империясының тұсында провинция статусы берілді. Шыңжаның өткен тарихындағы Қытай мен Ресейдің, КСРОның одағы жүргізген саясаттарының тарихи сабағы Қазақстан ҚХР-дың Шыңжан өлкесімен шекаралас болғандықтан, бұл өлкедегі саяси тұрақтылық біздің еліміз үшін де маңызды. Осы ретте, тарихи-сараптамалық әдіс арқылы аймақтың өткені мен бүгінін толық сараптай отырып, болашақ көкжиектерін анықтауға болады.

ҚХР Коммунистік Партия Орталық Комитеті «Қытайдың батыс белікті игеру стратегиясын» бекітті, Шыңжан атаптың стратегиялық жоспардың маңызды құрамдасты. Шыңжаның Қытай үшін ресурстық корының стратегиялық маңыздылығы, шекара аймақтың экономикалық дамуы, экологиялық қауыпсіздіктің сақталуына және көп ұлттар аралас қоныстанған сынды ерекшеліктері, тіпті Орталық азия экономикалық шенбері аясында маңызды орны және рөлі бар деп есептелінеді. Шыңжан Еуроазия құрлығының ортан болігіне, сондай-ақ Қытайдың солтүстік-батыс болігіне орналасқан. Айналасында

8 елмен шекаралас. Олар: Монголия, Ресей, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан, Тәжікстан, Қыргызстан және Қазақстан. Шекара лениясының ұзындығы 5400 шақырымнан астам болған, Шыңжаның шығысынан батысына дейін 1900 шақырым болған, жалпы аумағы 1 миллион 660 мың шаршы шақырым. Шыңжан Қытайдың көлемі ең үлкен провинциясы саналып, Қытайдың терриория көлемінің 1/6 болігін құрайды [19]. Статистикалық ақпараттар мен контент-анализ жасау, немесе аймақтың саяси, әлеуметтік болмаса этностық ерекшеліктеріне орай когнитивті-карталау әдістерінің жиынтығы тақырыпты әр қырынан әртүрлі қадамдармен қарауга мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Шыңжаңың Қытайдың ішкі саясатындағы орны. Шыңжаның жан саны 2010 жылғы санақ бойынша 21813334 болған, терриориясында 46 ұлттың өкілдері бар. Олардың ішіндегі Қазақ, Үйғыр, Қырғыз, Тәжік, Өзбек, Монгол сынды ұлттар Шыңжаның көршилес елдерінде қоныстанған, тілдері ұқсайды, қандастық байланыстары үзілмеген, қарым-қатынастары тығыз, халық арасындағы сауда барыс-келістері атамзаманнан бастау алған. 2000 жылдың алдындағы «Ұлы жібек жолы» Қытайдың байырғы заманынан бастап таяу заманға дейін, Евразия ішкі құрлығы аймағымен байланыс каналы болған. Қазіргі таңда Шыңжан Үйғыр автономиялы ауданының қарамағындағы, Тяньшань тауының екі бөктері және ТМД елдерімен шекаралас аймақтар, сол Қытайдың байырғы Хан дәүіріндегі династияның батыс болігіндегі елдермен сауда байланыс жасайтын «Ұлы жібек жолының» маңызды өткелдері болған. ҚХР КП ОК-нің XI кезекті жалпы мәжілісінен соң, мемлекеттің ашық есік саясатының атқарулына ілесіп, Шыңжан да сыртқа есік ашу қадамын бастады. Мемлекеттің бар күшпен қолдауында автономиялы аймақ дұрыс бағдар ұстанып, көптеген жұмыстарды қолға алды. Ашықтық саясаттағы өнірлер мен аймақтарды үздіксіз көздейті. Сыртқа есік ашу қадамын тездетіп, алғашқы қадамда Шыңжаның томага түйік халың өзгертіп, экономиканың дамуын жандандырды [20].

Біріншіден, мемлекет ілгерінді-кейінді Шыңжаның 24 ауданы мен бес құлықтық кедендерде ашық есік саясатын атқарып, Шыңжаның сыртқа есік ашуы үшін аймақтық бағдар белгіледі. 1979 жылы мемлекет Үрімжі, Шыхызы,

Тұрпан қатарлы 13 кала мен аудандарда ашық есік саясатын жолға қойды. 1979 жылы Құлжа, Бұратала сияқты 11 қала мен ауданың ашық есік саясатын қолға алғып, Шыңжаңның ашық есік саясаты атқарылған қала мен аудандардың санын 24-ке жеткізді. 1983 жылы терістік шыңжандағы Қорғас пен түстік шыңжандағы Турчат саудалық кедендерінде қайтадан ашық есік саясатын аткарды. Қытай және Пәкістан Хунджираб кедені де 1986 жылы үшінші дүние елдеріне ашық есік саясатын ұстанды. Міне, бұлар Шыңжаң мен Кеңес Одағы, Пәкістан және Орта Азияның барыс-келіс жасауына жол ашты. 1990 жылы Алатау кеденінің реесми құрылғанын жариялады, Алатау кедені шыңжаң Құратала монғол автономиялы облысына қарасты Алатау аулында орналасқан болып, қытайдың еуропаға шығатын маңызды қақпасы есептеледі. Осы құрлықтың шекара өткелдерінде ашық есік саясатының атқарылуы Шыңжаңның көршілес елдермен тікелей саудалық барыс-келіске түссе алмайтын жағдайын өзгертті, Шыңжаңның тек шығыстағы теңіз порттары арқылы ғана халықаралық сауда жасайтын тарихына нүктө койылды, әрі Шыңжаңның Орталық Азия нарығына бет алуына жол ашты. Екіншіден, шетел инвестициясын тарту үшін, мемлекет әр түрлі қолдау саясаттарын жолға қойды. 1987 жылы қыркүйекте мемлекет Үрімжі, Құлжа, Шыхызы және Қашкарда шетел инвесторлары қаржы қосқан қасіпорындарды кеден салығынан босатып, женілдіктер жасады.

Қытай мемлекет меншігіндегі емес экономиканы қолдау мақсатында, ортақ игіліктену ұстанымын негіз еткен әр түрлі экономикалық құрылымдар ортақ дамитын жалпылық түзімдегі құрылымды қалыптастыруды. 1992 жылы желтоқсанда автономияның халық үкіметі «Шыңжаң үйғыр автономиясының жекелік қасіпорындарды дамыту ережесін» жариялады, жекелік қасіпорындардың дамуы үшін саясаттық қолдаулар жасады. 1993 жылы автономияның парткомы қызмет мәжілісін ашып, жекелік қасіпорындардың экономикасын дамытуды неғізгі тақырып ете отырып, қасіпорын экономикасының жылдам дамуға мүмкіндік берудеген ұстанымды ортага қойып, жекелік қасіпорындар экономикасының дамуын жеделдетті әрі оған қолайлы орта ұйымдастыруды. 1999 жылы 16 шілдеде автономия партияның сегізінші жиналышының тоғызыншы мәжілісінде «Шыңжаң-Үйғыр автономиясы жеке қасіпорын экономикасы ережесі» қабылданып, жеке қасіпорын экономикасын заңдық жақтан кепілден-

діріп, тұтас жеке қасіпорын экономикасының дамуын тездедті. XX ғасырдың 90-жылдарына келгенде Шыңжаңның ашық есік саясаты каркынды қадам алды.

1991 жылы Кеңес одағы ыдыраған соң, Шыңжаңның төнірегінде өзгерістер болды. 1991 жылы қарашада автономиялық партия мен халық үкіметі «ашық есік саясатын одан ары дамыту қарарын» жасады.

1992 жылы көктемдегі Дэн Сяопиннің оңтүстікке сөйлеген баяндамасы бүкіл ел халқының идеясын тубегейлі азат етті. Автономиялы партком дер шағында есік ашу қадамын жеделдету, Шыңжаң экономикасының дамуын тездедету белгілемесін қолға алғып, сыртқа есік ашудың негізгі жолын бекітті: географиялық және энергия қайнарындық абзалдылықты сәулелендіріп, сауданы ілгерілету, өнеркәсіптенуді жеделдету, халықаралық сауданы ұлғайту, іш пен сыртты байланыстыру, саудалық кедендерді ортақ құру, Шыңжаңды отандық және шетелдік тауарлардың тасымалдау базасы етіп құру, батысқа экспорттайдын товар өндірісінің базасы әрі товарлық жөрменке орталығы ету, көршілес мемлекеттердің шекаралық саудасы мен экономикалық жақтан селбесуді бар қүшпен қолдау сияқты қадамдарды іске асыра бастады. Автономия сыртқа есік ашудың маңызды түйіні ретінде шекаралық сауда саясаты мен тауар айналымы саясатын жандандыруды. Шыңжаңның шекаралық саудасының дамуын бар қүшпен ілгеріледі.

1992 жылы сәүірде автономиялы партком мен халық үкіметі мемлекеттік істер басқармасының «Шыңжаң-Үйғыр автономиясының ашық есік саясатын одан ары дамыту қаулысынан» еki бағытты сыртқа есік ашу саясатының жалпылық жобасын ортага қойды. Ол дегеніміз бірінші шекаралық өнірлерде ашық есік саясатын атқару болатын.

Маусымда мемлекеттік істер басқармасы автономияның жалпы жоспарын макұлдаап, 8 түрлі женілдік саясатын белгіледі. Оның негізгі мазмұны төмендегідей болатын:

1. Автономияның сыртқы саудадағы инвестицияны бекіту құқығын кеңейту, Инвестиция жалпы мөлшері мемлекет белгілеген көлемнің ішінде болу, құрылышы мен экономикасы мемлекет жағынан өлшенбейтін сыртқы сауда инвестиациясын автономиялық үкімет өзі тексеріп бекітеді, сертификат таратады және өнеркәсіптік лицензия жақтарын бекітеді алады.

2. Автономияның көрші елдермен болған экономикалық, техникалық селбестігін тексеріп бекіту құқығын кеңейту, мемлекет бел-

гілеген қаржы мөлшері, жұмысшылар саны көлемі ішінде экономика техникалық селбестік бағдарламасы мен жұмыстық селбестік бағдарламасындағы амалиятық мәні бар доклад, келісімшарттарды автономиялық үкімет өзі тексеріп бекітеді.

3. Импорт етіп жұмыс жүргізетін органдар товар айырбастап сауда жүргізуіне, шекара өнірлер, облыстар мен шекаралық қалалар мен аудандарда шекара сауда компаниясын құруына болады. Мемлекетке импорт етілуіне тыйым салынған, серіктес елдерде өндірілген автотоварлар 1995 жылдан бүрін барлығы ашық болады. Жұмыс жүргізу құқығы бар органдардың жұмыс жүргізуіне болады. Импорт етуді тексеріп бекіту жайлы құжаттарды жасамайды. Импорт ету рұқсатын тегін алады.

4. Үрімжі қаласын онан ары ашық ұстап, Үрімжіде теңіз жағалауындағы ашық қалалардың саясаттарын жүргізу.

5. Құлжа, Бұратала, Шәуешек қалаларын ашық ұстап, бұл қалаларда Чи Хай қаласындағы сияқты мемлекет жағынан берілген шекаралық қалалардың саясатын жүргізу.

6. Онтүстік Шыңжанда шекара саудасына мемлекет жағынан белгіленген қазіргі атқарылып жатқан әр түрлі женілдік саясаттардан басқа кеңшіліктерді беру. Онтүстік Шыңжандағы құрлықтық кедендері арқылы солтүстік Шыңжаның жергілікті тауарларын экспорттау.

7. Өндіріс құрылыс жасактары, Үрімжі қаласы, Іле аймағы, Бұратала Монгол автономиялы облысы, Тарбағатай аймағы және Қашқар аймағының шетелге шығатын адамдардың тексеріп бекіту құқығын белгіледі. Үкімет ісімен көрші елдерге шығып сауда жасауына, жұмыс істейтін аудан дәрежелі адамдарға тексеріп бекіту құқығын беру. Бір рет тексеріп, паспорт тарату, бір жылда көп рет қайтып тұруына катысты шаралар бекіту.

8. Бір миллион юань несие бөлініп, Шыңжаның сыртқа сауда экономикасының дамуын қолдау [20].

1992 жылы қыркүйекте премьер министр Ли Пэнның Үрімжідегі шекара өнірлік жәрменекесінің лентасын қиды. Үрімжі жәрменекесінің ашылуына қатысқан әр провинцияның жауапты адамдары жиналысында, Ли Пэн былай деп атап көрсетті: «Үрімжі жәрменекесі бір жылда бір рет өткізуі керек және әрбір жыл өткен жылдан жақсы болуы міндетті».

1993 жылы батыс терістікегі бес провинцияның партия үкімет басшылары Үрімжіге жиналып, батыс терістік аймактардың тұнғыш

рет бірлескен жиналысы өткізілді. Бес провинцияда ортақ жол салып, бірлесіп батысқа жүру, ашық болу арқылы менгеру жалпы жоспардың атқарылуын тездетуді алға қойды. Қарашада Шыңжандағы сыртқа ашық қала мен аудандардың саны 58-ге жетті. Мұның ішінде 33 аудан түгелдей сыртқа ашық ұсталды. 1994 жылды Ли Пэн Орталық Азиядағы 5 мемлекет пен Монголияға сапарында, Қытай мен көршілес мемлекеттер арасындағы сауда қарым-қатынасы жөніндегі мәселелер қарастырылып, өзара байланыстар жаңа деңгейге кетерілді.

1995 жылды қыркүйекте мемлекеттің бекітуімен Шыңжандағы 16 аймақ, облыс қалалар түгелімен ірі сауда жүргізу құқығынан иғіліктеніп, халықаралық маркетингке шықты. Шыңжаның сыртқы саудасына жаңа күш әкелді. Шыңжан 60-тан астам мемлекет пен өнірлермен экономикалық сауда қатынас орнатты.

1992 жылы мемлекет бекітуімен Шыңжанда бір жоғары жаңа техника өндіріс менгеру аймағы, З экономика техникалық менгеру аймағы мен З шекара экономикалық селбестік аймағы құрылды [21].

1992 жылы маусымда автономия халық үкіметі «Үрімжі жоғары техника өндірісін менгеру аймағының бірнеше саясаттарын уақытша белгілемесін» ұйғарып, саясаттық қолдау жасады.

Одан өзге 1992 жылы желтоқсанда Шыңжан-Үйғыр автономиялық үкіметінің бекітуімен Шыхызы экономикалық, техникалық менгеру аймағы мен Күйтүн экономикалық, техникалық менгеру аймағы құрылды. Мемлекеттік істер басқармасы ерекше аймактарды бекітуімен Құлжа қаласы шекаралық экономикалық селбестік аймағы, Бұратала қаласы шекаралық экономикалық селбестік аймағы, Шәуешек шекарлық экономикалық селбестік өнірі құрылды.

Кедендердің құрылуы автономияның «екі ленияны» бойлап ашық есік стратегиясын жүзеге асырудың алғы шарты және «Шығыс пен Батысты тұтастырудың» маңызды болімі болатын. Батыс терістік халықаралық жол торабының маңызды құрамадас болілгі. Бұл кезде кедендердің ашылуы мен құрылуында көптеген алға ілгерілеушіліктер болды. Сексенінші жылдарда ашылған жеті кеден негізінде 1991 жылы ашылған Хұң Шанзүй кедені, Ұластай, Лаужияу кедені қатарлы З кеден мен Шыңжан мен Монголия тікелей экономикалық сауда қатынасын жүргізді.

1992 жылы Бақты, Жеменей, Ақтүбек, Дулаты, Музарт қатарлы кедендер ашылды. Бақты өткелі 1994 жылы мемлекет жағынан бірнеші санаттағы кеден, 1995 жылы шілдеде

үшінші мемлекетке ашық болды. Бұл бес кеденің ашылуы Шыңжаңың Қазақстан Республикасы сияқты тәуелсіздік алған елдермен сауда экономикалық қатынасын тездедті.

Индия мен Ауғанстаннан басқа Шыңжаңмен шекаралас көрші елдер түгелімен шекаралық сауда серіктестік қатынасы орнатылды. Бұл Шыңжаңың шекаралық саудасының дамуы мен тұтастай сыртқа ашық болуына тиімді жағдай жасады.

1992 жылдың басында мемлекеттің үйгариымен шекара құрылышын бекемдеу үшін автономияда кедендерге басшылық тобы құрылып, шекара құрылышын біртұтас бақылап жетекшілік етті. Қорғас, Арасан, Бақты, Торғайты кедендері автономиялық негізгі кедендер болып белгіленіп, кеден негізгі құрылышын қүшейтті.

1994 жылдың сонында жалпы 450 млн. юан қаржы шығарып, Хунджалаб, Торғайты, Жеменей, Арасан, Қорғас, Бақты, Қызылтау қатарлы кедендерге баратын тас жол мен Арасан, Қорғас шекараларының темір жол транспорт бекеттерін салу, кеңейтіп салу құрылышы жүргізілді. Үшінші дәрежелі тас жолдар ұзындығы 793 км, екінші дәрежелі тас жолдар 51 км, бірінші дәрежелі тас жол ұзындығы 5.4 км, қала жол ұзындығы 1.5 км, төрт жаңа салынған көпір ұзындығы 232 км, Ұластай, Музарт, Дулаты шекараларына баратын қарапайым тас жол ұзындығы 252 км салынып бітті [22].

1992-1994 жылдары мемлекет пен автономияның шекара құрылышына жұмсалған қаржысы 200 млн. юаннан астам болды. Жынхыдан Арасанға баратын ұзындығы 75 км-лік 110 кв электр құрылышы, Шыңғыскозыдан Арасанға ұзындығы 35 км-лік 35 кв электр құрылышы, Жеменей кеден тексеру орны, Арасан-Бұратала транспорт құрылышы, Арасан, Қорғас, Бақты тексеру құрылымы, қалалық үкімет құрылышы, қойма және кеденің негізгі құрылымдары салынды [23].

Көп жылдық талпыныстар мен атқарылған шаралар нәтижесінде Шыңжаң құрлықтың кедендерден тауардың тасымалдануы біртіндеп жоғарылады. Кеденің негізгі жабдықтары мен аспаптары біртіндеп толықтанды. Шыңжаң кеден құрылышының тұрақты құрылымы қалыптасты. Авиациялық, құрлықтың кедендердің автономияның батыс терістігін дамытудағы орны мен рөлі тіпті де қүшеді.

Шыңжаңың төңірегіндегі көршілес елдер, әсіресе орта азиядағы бес елдер егемендік жариялағаннан кейін белсенді тұр-

де реформаларды жолға қойып, шетелмен байланыстарды кеңейтуде, аймақтық экономика интеграцияны қүшетту, сонымен бірге Орта Азия, Оңтүстік Азия, Батыс Азия және дүниедегі басқа елдермен аймақтар арасында сауда-саттық байланыстарды дамытады. Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы осы аймақтармен жақын көрші болып, дүние жүзінің саяси ортасының орныға түсініе байланысты, Қытаймен көршілес елдер арасындағы экономика қалпының көптанаптық орталықтандыру даму үрдісіне енуі, Қытаймен көршілес елдер арасындағы байланыстардың жақсаруын және Қытай өз ішінде батыс бөлікті игеру саясатын арқау ете отыруы, Шыңжаңың сыртқы экономикасының дамуна таптырмас мүмкіндік беріп отыр. Шыңжаң Азия экономика шенбері, Орталық Азия және Оңтүстік Азия экономика шенберінің қызылышқан аймағында тұр, сол себепті де көптеген талаптар мен орайларға дөп келіп отыр. Шыңжаңың алдында тұрған мәселелер, оңтүстік пен солтүстікті тұтастыру, шығыспен байланыстырып батысқа шығару, өнірдің артықшылықтарын пайдаланып, даму науқаның кең жаю, белсенді түрде көршілес елдермен қосалкы аймақтық қауымдасу үдерістеріне қатысу, сыртқы экономиканы жаппай дамыту, экспорт көлемін ұлғайту, көршілес елдермен жоғары деңгейдегі, ұзак мерзімді экономикалық селбесуді қалыптастыру болмақ, сонымен қатар атаптап мәселелердің шешімін табу, Шыңжаңың 21 ғасырда орнықты даму жолына тұсу шарттарының бірі болмақ.

Қытайдың «батыс бөліктерді игеру» саясаты. Қытайдың Батыс бөлікті игеру стратегиясы – Қытай Халық Республикасының жалпы әлеуметтік даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Қытайдың «Ши бу – Батыс бөлік» дегені – Қытайдың жерінің орта-батыс өнірін мензейді. Онда Қытайдың жалпы жер көлемінің 50 пайызын, жалпы тұрғындар санының 22 пайызын, Қытайдағы аз санды ұлттар халқының 80 пайызын қамтыған он провинция мен автономиялы аудандар орналасқан.

Қытай Халық Республикасы өзінің «Батыс бөлікті қауырт игеру» стратегиялық жоспарын 2000 жылдан жүзеге асыра бастады. Бұл Қытайдың кезек-кезегімен, рет-ретімен іске асырылып кележатқан әлеуметтік даму бағдарламаларының аса зор көлемдегі ең курделісі болып табылады. Батысты игеру бойынша қазіргі заманғы мемлекеттік бағдарлама бұрынғы компаниялардан төмендегідей ерекшеленеді:

- біріншіден, Батысты игеру XX ғасырда ҚХР-дың маңызды стратегиялық мақсаты ретінде танылған;

- екіншіден, орталық саяси және мемлекеттік органдардың жұмысын бастамас бұрын, негізгі жалпы даярлау жұмысы жүргізіледі. Үл бағытта алдыңғы жылдардың тәжірибесі жинақталған;

- үшіншіден, жалпы мемлекеттік компаниялардың басталуына дейін барлық батыс аудандарына мамандар, технологиялар келе бастады, құрылыш жұмысы тарады [2];

- төртіншіден, шыныайы экономикалық база мен қаржы қайнар көздерінің негізінде көшіп-қону процестерінің өзектілігі орын алған 9-ыншы бесжылдық пен келесі онжылдыққа әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік жоспарының негізгі бөлігі болған кешенді жоспар даярланған [2].

Дәл осы жерде салыстырмалы түрде Қазақстан үшін үлкен қызығушылық тудыратын ШҰАА-ның жағдайына тоқталып өткен жөн:

- біріншіден, ШҰАА – Қытай мен Қазақстан үшін маңызды стратегиялық аудан;

- екіншіден, ШҰАА-да біздің отандастарымыздың 1 миллионнан астамы, қазақдиаспорасының қебі тұрады;

- үшіншіден, Батысты игеру бойынша ҚХР-дың мемлекеттік бағдарламасында ШҰАА негізгі орынды алды;

- төртіншіден, барлық көшіп-қону компанияларындағы көшіп-қону ағынының көп бөлігі ШҰАА-ға бағытталады;

- бесіншіден, ШҰАА табиғи ресурстарға, құнтарлы жерге, мұнай-газ кен орындарына бай аудан болып табылады [2].

Шыңжан Үйғыр Автономиялы ауданы ҚХР-дың батыс қақпасы болып табылады және ол Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас жолдары өтетін жалғыз аймақ. Екі мемлекет арасындағы барлық көлік магистральдары: әуе, теміржол, автомобиль жолдары ШҰАА арқылы өтеді, екіжақты сауда көлемінің 80 пайызы ШҰАА-ның еншісіне тиеді, бұған қоса бүкіл Қазақстан – Қытай шекарасы ШҰАА-ның териториясына жапсарлас жатыр. Шыңжан ҚХР-дың батыс солтүстік шекара өніріне орналасқан шекара линиясы ұзын, стратегиялық орны ерекше маңызды елдің орнықтылығы мен қауіпсіздігін қорғауда маңызды рөл аткарады. Сондай-ақ шетелдермен экономика, мәдениет ауыстырудың терезесі, сондықтан хань ұлты мен этникалық топтардың өз ерекшеліктерін қайткенде толық дамыту және оларды органикалық

түрде бірлестіру – мемлекеттің экономикасы мен қоғам дамуының кепілі [4].

Ойталқы (дискуссия)

Әлемге аян, Қытай Компартиясы 1978 жылы желтоқсан айында өткен XI кезекті III пленумында қабылдаған «әлеуметтік реформа жүргізу, есікті ашық ұстау» деген бас бағдарламасы бойынша, жоспарлы түрде алдымен аграрлық салаға, одан соң сауда-өнеркәсіп саласына, одан соң білім-ғылым саласына реформа жүргізу арқылы Қытай қоғамын жоспарлы экономикалық жүйеден нарықтық экономикалық үрдіске ауыстырды. Сонымен қатар, Шығыс Оңтүстік теңіз жағалауындағы аудандарды, одан соң Шығыс Солтүстік пен Яньцзы өзені бойындағы Орталық аймақтарды дамыту жоспарын іске асырды. Соның нәтижесінде, Қытай әлемдегі ең қуатты мемлекеттер қатарынан орын алды. Бірақ Қытайдың ішкі әлеуметтік дамуында аймақтық айырмашылықтар пайда болып, қоғамдық қайшылықтар белен алды. Өйткені, әлеуметтік-экономика және ғылым-техника саласында Қытайдың Шығыс оңтүстік және Шығыс солтүстік аймақтарының дамуы қарқынды болды да, Батыс және Батыс оңтүстік аймақтары салыстырмалы түрде баяу дамып, олардан артта қалып қойды. Соның салдарынан әртүрлі әлеуметтік қарама-қайшылықтар орын алды.

Біртұтас елдің әлеуметтік дамуында аймақтық айырмашылықтардың тым алшақтап кетуінің соңы жақсылыққа апарып соқпайтыны белгілі. Сондықтан Қытай басшылары, ондай қайшылықтарды шешудің жолын Батыс бөлігін дамытудан қарастырды.

1999 жылдың маусым айында Қытайдың Батыс аймағындағы бес провинция мен автономиялы аудандардың басшыларының қатысуымен Ши ань қаласында өткен конференцияда Цзян Цзяминь сөз сөйлеп: «...Батыс бөлікті қауырт игерудің экономикалық, мәдени, саяси, әскери және әлеуметтік маңызы айтып тауықсызыз ерекше. Батыс бөліктің орнықтылығы болмаса, бүкіл елде тұрақтылық болмайды. ... Батыс бөлікті игеруді тездету – ұлы жүйелі құрылыш, сондай-ақ ол бұрын-сонды болмаған машақтты тарихи міндет. ... Біз белді бекем байлап, бірнеше он жылда, тіпті толық XXI ғасыр бойы күрес жүргізу арқылы, шаруашылығы шалқыған, қоғамы дамыған, тұрмысы орнықкан, ұлттары ынтымақтасқан, тау-өзендері жайнаған Батыс аймақ құрамыз» [3] – деп атап көрсетті. Міне,

бұдан Қытай үкіметі Батыс бөлікті игеру әрекетін өзінің ең маңызды жұмысы ретінде XXI ғасыр бойы жүргізетінін аңғаруға болады. Алдына ұзак арман кою, оған ғасырылық жоспарлар жасау және оны бес, он жылдық бағдарлама бойынша біртіндеп іске асыру – қытай елінің дәстүрлі ерекшелігі болып табылады.

2000 жылы 16 қантарда ҚХР үкіметінің қасынан Батыс аймақты игеру басшылық тобы құрылды. Оның жетекші болып сол кездегі Қытай үкіметінің премьер-министрі Чжу Жунцуу, оның орынбасары болып сол кездегі премьер-министрінің орынбасары, қазіргі премьер-министр Вэн Цзябао тағайындалды. Соған сәйкес, орталық-батыс бөліктегі провинциялар мен автономиялы аудандық үкіметтердің қасынан да Батыс бөлікті игеру басшылық топтары құрылып, ұлы стратегиялық жоспарды іске асырудың нақтылы бағдарламаларын жасауды қолға алды. 2000 жылы қазанда «Қытай үкіметі Батыс аймақты игерудің саясаттық шаралары» (2000 ж. № 33 қаулы) жариялады. Сондай-ақ Батыс бөлікті игеруге жұмсалатын қаржыны жергілікті үкіметтерге бөліп беріп, игеру жұмысын бастап кетті.

Қытайдың Батыс аймақты игеру стратегиялық жоспары экономиканың белгілі бір саласын ғана дамыту емес, жалпы қоғамды кешенді түрде ілгерілетуді көзделген. Жүйелеп айтқанда, ол әлеуметтік кешенді құрылыштарды, экологияның көргауды, экономикалық секторларды реттеуді, ғылым техника мен білім беруді дамытуды толық қамтыған әлеуметтік прогрессивті тездетудің нақтылы шаралары қарастырылған күрделі жоспар. Бұған қытайлар ойланып толғанып, үлкен дайындықпен келді. Қолда бар деректерге жүгінсек, Қытай үкіметі алғашқы үш жыл ішінде мемлекеттік бюджеттің құрылышы қаражатынан Батыс аймакқа 270 миллиард юань жұмсаған. Бұдан сырт инфрақұрлымаға 200 миллиард юань, әлеуметтік істерге 10 миллиард юань қаржы істеткен көрінеді. Одан кейін де жұмсалатын қаржының көлемі жыл сайын өсіп отырғандығы белгілі [13].

Дегенмен де, Қытай үкіметі өзінің Батыс бөлігін қауырт игеру стратегиясындағы «маңыздыларының ішіндегі маңыздысы – Шыңжанды қауырт игеру» деп санайды. Өйткені Шыңжан Қытайдың ең батысындағы жері кең (1.6 млн шаршы км. асты), табиғи ресурстары мол, аз санды ұлттары көп, шетелдермен іргелескен өлке. Сондықтан Шыңжанды қауырт игерудің Қытай үшін саяси стратегиялық маңызы айрықша болмақ. Ал Шыңжаңның әлеуметтік

жағдайындағы өзгерістер Қазақстан мен Қытай қарым-қатынастарына әсер етуі сөзсіз. Сондықтан Шыңжаң үйғыр автономия ауданының әлеуметтік дамуындағы жағдайларға көбірек назар аударуға тиіспіз.

ҚХР үкіметінің Батыс бөлікті игеру стратегиясына сәйкес 2000 жылы Шыңжан үкіметінің жанынан «Шыңжан Батыс бөлікті қауырт игеру кеңсесі» құрылды. Ол «Батыс бөлікті игеру – Шыңжанды қауырт игеру жоспарын» дайындалды. Осы «Жоспар» негізінде Шыңжан үкіметі «Инвестиция тартудың саясаттық белгілерін», «Шетелден инвестиция тартудың бірнеше саясаттық белгілемелері» қатарлы бірқатар заң-ережелік күші бар шешімдерді қабылдады [16]. Сондай-ақ Шыңжанды қауырт игерудің басты мақсаттарын анықтады. Онда Шыңжан «XXI ғасырдың алғашқы он жылында әлеуметтік дамуға қолайлы орта жарату; ішкі дамудың қуатын арттыру, өзін-өзі игеру мүмкіндігін жоғарылату және қауырт игерудің жақсы механизмін қалыптастыру; қауырт игеру арқылы Шыңжанды бүкіл мемлекет қолемінде ең үлкен сапалы мақта өндірісі, мақта-мата өндірісі, астық өндірісі, мал шаруашылық өндірісі, жеміс-жидек, кант қызылшасын өндіретін және оларды өндійтін базага айналдыру; мұнай-газ өндірісі және мұнай-газ химия өнеркәсіп өндірісі базасына айналдыру арқылы, бүкіл ұлттық экономиканың дамуының тың тірегі етіп құру» көзделген. Бұл мақсатты олар алты түрлі жетекші бағдарлама бойынша іске асырмақшы. Солардың алғашқы үш бағдарламасын атап айтуда тұрады:

1. Табиғи ресурстық потенциалды негіздік өнімдер нарығын кеңейту стратегиясына өзгерту, негіздік инфрақұрлыымдық құрылыштарды жақсарту, өндіріс құрылымдарын оңтайландырып, нарық сұранысы бойынша экономикалық қимылдарды жүргізу.

2. Экономикалық өнімділікті жоғарылатуды шаруашылық істердің басты мақсаты ету.

3. Әлеуметтік жүйеге жаңалықтар енгізу. Сыртқа есік ашуды кеңейту арқылы Шыңжанды игеруге кең бостиқ орта қалыптастыру.

4. Осы мақсатқа жетудің нақтылы жоспарлары да жасалған. Мысалы, Шыңжан XXI ғасырдың алғашқы үш жылында халық шаруашылығының даму қарқының 8 пайызға жеткізу. Ал 2004 жылдан 2010 жылға дейін ішкі өндірістің жылдық өсу қарқының 10 пайыздан асыру. Сол үшін Шыңжан үкіметі су құрылышы, көлік қатынасы, энергетика, байланыс коммуникациясы қатарлы аса маңызды кешендік инфрақұрлымдарды салу

арқылы, Шыңжанды аса зор көлемде игерудің негізін мықтап орнату жоспарын жасады [14].

Демек, бұл Қытайдың Батыс бөлікті игерудің алғашқы сатысындағы жетістігі. Зор көлемдегі қауырт игеру осы жылдан басталмақ. Оның дайындық құрылыштары қарқынды жүргізілуде. Солардың ішінде тек су құрылыштарын атап айта кетейік. Шыңжан үкіметі жаңа су құрылыштарын салуды басты орынға қойды. Олар 2010 жылға дейін бірнеше өзендерді арнасынан бұрып ағызатын ірі каналдар мен су қоймаларын салу жұмысын жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, Үрімші қаласы мен Қарамайлы қаласының су проблемасын түбебейлі шешу үшін, Қара Ертістен Жоңғар ойпаты арқылы Қарамайлы қаласына баратын канал іске қосылды. Енді Қара Ертіске құятын Буыршын өзенінен Үрімші қаласына бағытталған ірі канал құрылышы қолға алынды. Сонымен қатар, ол шөлейт жерлерді басып өтетін бұл каналдың бойын жағалатып, тез өсетін ағаштар егіп, құмдауыт даладан жасыл белдеу жазира қалыптастырып, оны ағаш материалдары базасы мен сұтті сиыр өсіру базасына айналдыру шаралары да қатар жүргізілуде.

Ал Іле аймағында Іле өзенін бұру каналы мен үлкен су құймасын салу құрылышы өзінің алғашқы жоспардағы жұмысын аяқтап қалды. Бұл құрылыш Иленің Тоғызтарау ауданы мен Текес ауданының қызылсқан қарсаңында салынуда. Олардың Іле өзенін белгілі мөлшерін бұрып ағызатын канал салудагы мақсаты екеу. 1 – Іле өнірінен 120 мың гектар тың жер игеріп, оны Шыңжан биязы жүнді қойын өсіретін және ет пен сұтті бірдей беретін сиыр өсіретін базага айналдару. 2 – Іле өзенінің негізгі қайнар көзінің бір саласы болған Көксу өзенін Тянь-Шань тауының аржағына тесіп өткізіп, онда суалып бара жатқан әйбіху көлінің экологиялық проблемасын шешуге пайдалану. Демек, Қытайдың Батыс аймақты игеруде немесе Шыңжанды қауырт игеруде трансшекаралық Қара Ертіс пен Іле өзендерінен жаңа каналдар салу мен ірі су құймаларын жасауы, қалайда ол өзендерден Қазақстанға келетін су мөлшерін азайтатындығы сөзсіз. Тек су мөлшері азайып кана қоймайды, сонымен қатар, ол өзендер бойындағы кәсіпорындардан шығарылатын ылас сулар ол өзендерге құйылып кетпеүіне кепілдік жасалмаған. Соңда одан келетін зардапты алдымен Қазақстан тартады. Бұл мәселе екі ел қатынастарына жағымсыз жағдай тудыруы әбден мүмкін. Оны Қытай басшылары жақсы түсінеді. Соңдықтан өткен жылды мамырда Қазақстан Республикасы-

ның призиденті Нұрсұлтан Назарбаев Қытайға мемлекеттік сапармен барып Ху Цзинтаомен кездескенде, Қытай президентінің: «Қытай трансшекаралық су ресурстарын әділетті әрі тиімді пайдалану жағында» [19] деп, алдын ала ескерткендей болуы сол себептен екені белгілі.

Дегенмен Қытайдың Батыс аймақты игеруі немесе Шыңжанды қауырт игеру жоспарының іске асырылуы Қазақстан үшін де көптеген тиімді орайлар әкеліп отырғандығын ескеруіміз және одан пайдалана білуіміз керек. Шыңжан үкіметі ішкөрі өлкелерден және шетелдерден инвестиция тартудың зандық негіздерін жариялады. Қазір Шыңжанға Орталық үкіметтің бюджетінен тыс, жергілікті үкіметтер мен ірі компаниялар және жеке саудагерлердің қаржысы құйылуда. Сонымен қатар Шыңжаннан жұз мындаған еңбек күштері де ағылып келуде. Соның нәтижесінде, қазір Шыңжанда өндіріс қызып, базар қайнай бастады.

КХР Шыңжан үйғыр автономиялы районы үкіметі 2000 жылы 30 тамызда «ШҰАР шетел инвестирларын инвестиция салуға ынталандырудың бірнеше саясаттық белгілемелерін» мәлімдеді. Ол жалпы 25 тараудан тұратын белгілемеде, инвестиция салатын жетекші өндіріс секторлары, женілдік саясаттары және тартылған инвестиацияға кепілдік беру мәселе-лері нақтылап айқындалған. Атальмыш белгілеменің 5-ші тарауында: Шетел кәсіпкерлерінің инвестициясымен құрылған кәсіпорындардың он жылдан артық жұмыс істегендеріне, шетел инвестиациясы кәсіпорындары мен шетелдік кәсіпорындарының пайдастын алынатын жергілікті салықтан босатылады» [12] – деген сияқты кәсіпкерлерге көптеген женілдіктер көрсетілген. Соған орай, шетелдік кәсіпкерлер Шыңжанға инвестиация әкеле бастады. Демек, Шыңжанды қауырт игеру науқаны және соған сәйкес қабылданған заң ережелер мен саясаттық белгілемелер қазақстандық кәсіпкерлердің Шыңжанға инвестиация салуына ете қолайлы болып отыр деп санаймын. Өйткені, Қытай үкіметі Шыңжан тұрғындарының жалпы саны таяуда 30 миллионға жетеді деп отыр (іс жүзінде одан да көп болмақ). Адамның көп болуы әлеуметтік сұранысты қобейтеді, яғни оның өзі үлкен нарық. Оның үстінен Қытайдағы еңбек күшінің арзандығы өндірген тауардың өзіндік құнының жоғары болмауына кепілдік береді. Қазірдің өзінде Қазақстан өндірген азық-түлік пен сусындар Шыңжан базарында жоғары бағада сұраныска ие.

Қорытынды

Қытай Халық Республикасының құрамына Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы аудан ретінде енген бұл өлкө өзінің халықаралық қатынастардағы геосаяси, геостратегиялық маңызын сақтап, қазірде ҚХР-дың ішкі және сыртқы саясатында ерекше орын алғып отыр.

Біріншіден, Қытай үшін ШҰАА халықтың көп ұлтты құрамымен ерекше назар аударатын аймақ болып табылады. 50-жылдардың басында бұл ұлттық ауданның территориясында, негізінен ұлттық азшылықтардың өкілдері тұрды. Бұлар: ұйғырлар, қазактар, дұнғандар, қырғыздар еді. Ал ханьдықтар 15 пайыздан төмен болікті құраған. Негізгі этникалық масса ұйғырлар еді, яғни барлық халықтың 70 пайызына жуығын құрады. Қазактар тек 10 пайызға жуық болды. ШҰАА-ның ұлттық құрамына алдыңғы ғасырдың 50-70 жылдарында жүргізілген көшіп-қону шаралары шешуші ықпал етті, соның нәтижесінде ханьдықтардың үлес салмағының жоғарылауы жүзеге асты. Соңғы жылдардағы «Батыс болікті игеру» саясаты негізінде ішкі қытайдан жаппай хань ұлтының өкілдері көшірілуде. Қытайдың орталық билігі осы қадамы арқылы ШҰАА-ның ҚХР үшін қаншалықты маңызының артқанын көрсетеді. Яғни ШҰАА Қытай үшін ішкі тұрақтылыққа сызат түсіруі мүмкін қауіпті аймақтың бірі.

Екіншіден, Шыңжаң – Қытайдың астанасына ең алыс орналасқан және әлеуметтік дамуда кейіндеп қалған көп ұлтты провинция болғанына қарамастан ҚХР жалпы дамуына серпіліс екеле алатын жаңа кеңістік. Ресми Пекиннің кез келген реформалары мен саяси қадамдары

Шыңжаңда кешеуілдеп аткарылатынын немесе трансформацияға ұшырап барып іске асырылатынын ескерсек, ШҰАА-га бағытталған қадамдардың барлығы кем-кетігі түзелген, белгілі бір деңгейде тәжірибеден өткен қадамдар. «Батыс болікті игеру» саясаты осы екі тұжырымының нақты көрінісі. Батысты игеру саясаты 2050 жылға дейінгі ұзакмерзімді, 3 кезеңнен тұратын стратегиялық жоспар. Бірінші кезеңі 2001-2010 жылдар аралығына жоспарланып көздеңген мақсаттары толығымен орындалды десек болады. ІЖӨ 10 пайызға жеткізу жоспарланған болатын. 2003-2013 жылдар арасында ІЖӨ көрсеткіші бірде-бір рет 10 пайыздан төмен көрсеткіш көрсеткен жоқ. Мәселен, 2012 жылы бұл көрсеткіш орта қытайлық көрсеткіштен асып түсіп, 12 пайызды құрады [24]. Яғни ҚХР дамуына серпіліс екелуі мүмкін жаңа кеңістік, сыйналған саясаттың нәтижесінде жалпы ҚХР экономикасының тұракты дамуына қомақты үлес қосып отырғандығы сөзсіз.

Үшіншіден, ШҰАА – Орталық Азия сияқты әгерго ресурстарға, табиғи қазба байлықтарға бай аймаққа шығар есік. Орталық Азиялық мемлекеттердің ҚХР-мен жалпы сауда-экономикалық қатынастарының 70 пайызы ШҰАА-мен жасалады. Осы орайда айта кеткеніміз жөн, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық мәліметтері ШҰАА-мен жүзеге асыратын Қытайдың негізгі сыртқы экономикалық әріптесінің Қазақстан екендігін көрсетеді. ШҰАА Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынастың барлық желісі шоғырланған аймақ ретінде маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на расширенном заседании коллегии МИД РК // http://www.mfa.kz/russian/art_040.htm. – Ноябрь, 2008.
- 2 Алдабек Н.А. Тарихы талқынға толы Шыңжан. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 432 б.
- 3 Приезд Президента Казахстана в Синьцзян // <http://umyt.com.ru> Агентство Синьхуа. – 2004. – 20 мая.
- 4 Изимов Р. Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и СУАР КНР // Analitic. – 2010. – №2 (54). – 616.
- 5 Карибжанов Ж. Возрастающая роль Синьцзяна в торговых связях Китая и Казахстана // <http://Russian.people.com.ch>. Агентство Синьхуа. – 2004. – 17 декабря.
- 6 Jacques M. When China Rules the World: The End of the Western World and the Birth of a New Global Order. Penguin Books; 2 Exp edition, 2012, 848 p.
- 7 Lanteigne M. Chinese Foreign Policy: An Introduction New Zealand. Routledge; 2 edition, 2013, 208 p.
- 8 Shambaugh D. Tangled Titans: The United States and China. Rowman & Littlefield Publishers; 1 edition, 2012, 454 p.
- 9 Shambaugh D. China Goes Global: The Partial Power. Oxford University Press; Reprint edition, 2014, 432 p.
- 10 Hachigian N. Debating China: The U.S.-China Relationship in Ten Conversations. Oxford University Press; 1 edition, 2014, 272 p.
- 11 Thomas J. Christensen. The China Challenge: Shaping the Choices of a Rising Power. New Jersey. W. W. Norton & Company; 1 edition, 2015, 400 p.

- 12 Susan L. Shirk. China: Fragile Superpower. Oxford University Press; 1 edition, 2008, 336 p.
- 13 Fenby J. Will China Dominate the 21st Century. Polity; 1 edition, 2014, 120 p.
- 14 Leonard M. What Does China Think? PublicAffairs, 2008, 176 p.
- 15 Jeffrey N. Wasserstrom. China in the 21st Century: What Everyone Needs to Know. Oxford University Press; 2 edition, 2013, 208 p.
- 16 Sujian Guo (editor), Baogang Guo (editor). China in Search of a Harmonious Society (Challenges Facing Chinese Political Development). Lexington Books, 2008, 258 p.
- 17 Mingjiang Li (Editor), Kalyan M. Kemburi (Editor). China's Power and Asian Security (Politics in Asia). NY, 1st Edition, 2014, 304p.
- 18 Mingjiang Li. Soft Power: China's Emerging Strategy in International Politics. Lexington Books, 2011, 284 p.
- 19 Akatayeva A.A. // Trade and Economic Relations between Kazakhstan and China // Humalayan and Central Asian Studies Journal, Jawaharlal Nehru Univ. –New Delhi, 2006.
- 20 Синьцзян, китайская земля: прошлое и настоящее. – КНР, Урумчи: Синьцзянское Народное издательство, 2006. – С.4.
- 21 Интервью с председателем Комитета таможенного контроля Минфина РК Бердабеком Сапарбаевым // Континент. – 2005. – №3 (139). – С. 14-15.
- 22 На КПП Хоргос началось строительство крупнейшего Китайско-казахстанского торгового центра // Агентство «Синьхуа». – 2005, 5 августа // <http://wwwrussian.china.org.cn>.
- 23 Сыроежкин К.Л. Синьцзян вчера и сегодня. К 45-й годовщине образования Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР // Казахстан-спектр. – 2001. – №1. – С. 56-63.
- 24 Чжан Ди. Торговля с Поднебесной показала магический рост // <http://wwwrussian.china.org.cn>.

References

- 1 Akatayeva A.A. (2006) // Trade and Economic Relations between Kazakhstan and China // Humalayan and Central Asian Studies Journal, Jawaharlal Nehru Univ. –New Delhi.
- 2 Aldabek N.A. (2003) Tarixu tolxunga tolu Shunzhan. - Almyt: Khazakh universiteti, 432 b.
- 3 Chjan Di. (2016) Torgovlia s Podnebesnoi pokazala magicheskii rost // <http://wwwrussian.china.org.cn>.
- 4 Fenby J. (2014) Will China Dominate the 21st Century. Polity; 1 edition, 120 p.
- 5 Hachigian N. (2014) Debating China: The U.S.-China Relationship in Ten Conversations. Oxford University Press; 1 edition, 272 p.
- 6 Interview s predsedatelem Komiteta tomozhenogo kontrolia Minphina RK Berdibekom Saparbaevum (2005) // Kontinent. - №3 (139). - s. 14-15.
- 7 Izimov P. (2010) Torgovo-ekonomicheskie aspektu sotrudnichestva Kazakhstana I SUAR KNR // Analitic. -№2 (54). -616.
- 8 Jacques M. (2012) When China Rules the World: The End of the Western World and the Birth of a New Global Order. Penguin Books; 2 Exp edition, 848 p.
- 9 Jeffrey N. Wasserstrom. (2013) China in the 21st Century: What Everyone Needs to Know. Oxford University Press; 2 edition, 208 p.
- 10 Karipzhanov Zh. (2004) Vozrastaushaya rol Sinsziana v torgovux sviazax Kitaya I Kazakhstana//<http://Russian.people.com>. ch. Agentstvo Sinxua. -17 december.
- 11 Lanteigne M. (2013) Chinese Foreign Policy: An Introduction New Zealand. Routledge; 2 edition, 208 p.
- 12 Leonard M. (2008) What Does China Think? PublicAffairs, 176 p.
- 13 Mingjiang Li (Editor), Kalyan M. Kemburi (Editor) (2014) China's Power and Asian Security (Politics in Asia). NY, 1st Edition, 304p.
- 14 Mingjiang Li. (2011) Soft Power: China's Emerging Strategy in International Politics. Lexington Books, 284 p.
- 15 Na KPP Xorgos nachalos stroitelstvo krupneishego kitaisko-kazakhstanskogo torgovogo sentra (2005) // Agentsvo Sinxua. 5 avgusta // <http://wwwrussian.china.org.cn>.
- 16 Priez Presidenta Kazakhstana v Sinszian (2004) // <http://ymyt.com.ru> Agentstvo Sinxua.-20 mai.
- 17 Shambaugh D. (2014) China Goes Global: The Partial Power. Oxford University Press; Reprint edition, 432 p.
- 18 Shambaugh D. (2012) Tangled Titans: The United States and China. Rowman & Littlefield Publishers; 1 edition, 454 p.
- 19 Sinszian, kitaiskaya zemlia: proshloe I nastoyashee (2006) KNR, Urumshi: Sinszianskoe Narodnoe izdatelstvo, - s.4.
- 20 Sujian Guo (editor), Baogang Guo (editor) (2008) China in Search of a Harmonious Society (Challenges Facing Chinese Political Development). Lexington Books, 258 p.
- 21 Suroezhkin K.L. (2001) Sinszian vchera I segodnia. K 45-I godovshine obrozovania Sinszian-Uygurskogo avtonomnogo raiona KNR// Kazakhstan-spectr. -№1. - s. 56-63.
- 22 Susan L. Shirk. (2008) China: Fragile Superpower. Oxford University Press; 1 edition, 336 p.
- 23 Thomas J. Christensen. (2015) The China Challenge: Shaping the Choices of a Rising Power. New Jersey. W. W. Norton & Company; 1 edition, 400 p.
- 24 Vustyplenje Presidentsa RK N.A. Nazarbaeva na rasshirennom zasedanii kollegi MID RK (2008) // http://www.mfa.kz/russian/art_040.htm. - November.

IRSTI 11.25.19:

Balaubaeva Binur¹, Karimsakov Asylbek²

¹Candidate of historical sciences, Senior Lecture of the Chair of International Relations and World Economy,
Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: binur77@mail.ru, tel.: +7 778 518 7799

²Senior Lecture of the Chair of International Relations and World Economy,
Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: asyl2384@gmail.com, tel.: +7 707 810 2142

SOME ISSUES OF CHINESE MIGRATION IN SOUTHEAST ASIA

The concept of «transnational» today has become one of the main components of the factors of economic, demographic and political face of the world. It affects all vital branches of the states of receiving and sending migrants. On the one hand, there is a pleasant economic effect that would fill the non-claimed places in the labor market, the exchange of culture between each other, and the science for the sending state is an additional opportunity to lower internal social pressure, strengthen and promote its political and economic interests in other states. And on the other hand, emigration is an indicator of exporting the «stream of consciousness», the departure of active personnel, demographic expenditure, and the advisability of contributing to the national economy. The PRC is one of the leading states in the Asia-Pacific region. The growth of China's economic welfare not only in the region of the commodity market, but also on the same level with this is characterized by the desire to gain a leading position in the labor market. Chinese migrants are major participants in the international migration trend. For this reason, the study of its structure, mainly directions occupies an important place in the study of the international migration trend.

Key words: Migration, South-East Asia, Chinese Migration, Working Migration, Asia-Pacific region.

Балаубаева Бинүр¹, Қарымсақов Асылбек²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
халықаралық қатынастар факультеті халықаралық қатынастар және
әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: binur77@mail.ru, тел.: +7 778 518 7799

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті
халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: asyl2384@gmail.com, тел.: +7 707 810 2142

**Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай миграциясының
кеібір мәселелері**

ХХ ғасырдың екінші жартысындағы «трансұлттық» үфімы қазіргі әлемнің экономикалық, демографиялық және саяси келбетін құрайтын негізгі факторларының бірі болды. Ол мигранттарды қабылдаушы және жіберуші мемлекеттердің екеуінің де өмірінің барлық саласына әсерін тигізеді. Бір жағынан, еңбек нарығындағы сұранысқа ие емес жұмыс орындарын толтыруына байланысты жағымды экономикалық эффекттің байқалады, өзара мәдени және ғылыми алмасулар кеңейеді, жіберуші мемлекет үшін ішкі әлеуметтік қысымды төмендету мен өзге мемлекеттердегі өзінің экономикалық және саяси мұдделерін алға тарту үшін тірек пункттарын құрудың қосымша мүмкіндігі болып табылады. Ал, екінші жағынан, әмбапияция «акылдылар ағымын», белсенді кадрлардың кетуін, демографиялық шығынды және ұлттық экономикаға салынуды ықтимал қаржының сыртқа кетуін білдіреді. Қытай Халық Республикасы Азия-Тынық мұхиты аймағындағы жетекші мемлекеттер қатарына кіреді. Қытайдың экономикалық әл-ауқатының өсуі оның аймақтағы тауар нарығындаған емес, сонымен қатар еңбек нарығында жетекші позицияны иемденуге деген үм-

тылысымен сипатталады. Қытай мигранттары халықаралық миграциялық үрдістердің ірі қатысуышы болып табылады. Сол себептен оның құрылымын, негізгі бағыттарын зерттеу халықаралық миграциялық үрдістерді зерттеуде маңызды орынға ие.

Түйін сөздер: миграция, Оңтүстік-Шығыс Азия, қытай миграциясы, еңбек миграциясы, Азия-Тынық мұхиты аймағы.

Балаубаева Бинур¹, Карымсаков Асылбек²

¹кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: binur77@mail.ru, тел.: + 7 778 518 7799

²старший преподаватель кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: asyl2384@gmail.com, тел.: + 7 707 810 2142

Некоторые вопросы китайской миграции в Юго-Восточной Азии

Понятие «транснациональный» на сегодняшний день стал одним из основных составляющих факторов экономического, демографического и политического лица мира. Он влияет на все жизненно важные отрасли государств, принимающих и отправляющих мигрантов. С одной стороны, наблюдается приятный экономический эффект, который заполнил бы невостребованные места на рынке труда, между собой расширяются обмен культуры и науки, для отправляющего государства является дополнительной возможностью для понижения внутреннего социального давления, укрепления и выдвижения своих политических и экономических интересов в других государствах. А с другой стороны, эмиграция является показателем экспортования «потока сознания», способствует выезду активных кадров, демографического расхода, а также целесообразности вклада в национальную экономику.

КНР входит в один из ведущих государств зон Азиатско-Тихоокеанского региона. В Китае наблюдается не только рост экономического благосостояния Китая не только в регионе рынка товаров, но и стремление приобрести ведущую позицию на рынке труда. Китайские мигранты являются крупными участниками международной миграционной тенденции. По этой причине исследования его структуры, основных направлений занимает важное место в изучении международной миграционной тенденции.

Ключевые слова: миграция, Юго-Восточная Азия, китайская миграция, трудовая миграция, Азиатско-Тихоокеанский регион.

Introduction

The relevance of the topic. Today the largest diaspora in the world, no doubt, is the Chinese diaspora. According to the rational policy of Beijing, foreign Chinese migrants today are an instrument of China's strong influence in different regions of the world, and for China itself is one of the most important factors of modernization. The last century of the 20th century and the beginning of the 21st century is characterized by a growing interest in the trend in China. This brought the PRC into the ranks of the leading countries of the world and in the years 1960-1970, as a result of social and economic experience, turned, once lagging China into a leader among the states. Foreign Chinese diasporas, which make up tens of millions of people around the world, play a large role in the implementation of the reform program, their contributions have become the basis for the growth of China's economic strength. In this case, the head of the PRC faced to face with the need for relations with his foreign compatriots. The development of ties between the historical

В данной статье проблема политического риска в казахском ораторском искусстве рассматривается как исключительно политический феномен. Проводится политический герменевтический анализ на размышления и идеи биев-ораторов. В то же время, в духовном тезаурусе института биев в контексте концепта политических рисков выражается мысль, что значимость сегодняшней независимой внутренней и внешней политики Республики Казахстан анализируется с целью определения его роли и места. Проблему «риска» автор, в первую очередь, рассматривает как главное направление политической актуализации, политико-концептуальной, политко-стратегической, геостратегической, национальной безопасности, национального интереса. Автор данной статьи допускает мысль, что ораторы устанавливают связи между тайнами вселенной и религиозными знаниями через призму проблемы политического риска в казахском ораторском искусстве. Вместе с тем, автор анализирует специфику формирования понятия «риска» в казахской политической культуре. Это помогает нам сделать шаг вперед в понимании значения политических стохастических проблем. Научную значимость вопроса, затронутого в статье, можно увидеть в ее теоретическом и концептуальном контексте анализа. И это, в свою очередь, оказывает влияние на развитие научно-аналитической мысли и обогащает ментально-аналитический тезаурус отечественной науки. Методологической основой работы являются ме-

тоды хронотропного, стратогемного, герменевтического, компаративистского, трансформационного, этнокультурного анализа. В статье делаются следующие выводы:

- выявлена закономерность, заключающаяся в том, что стохастический характер общественно-политической ситуации порождает рисковое чувство;

- выявлена объективность самого факта риска, но отмечается, что его содержание носит субъективный характер;

- бии, основываясь на ментальности своего мироощущения, обращают внимание на то, что факторы риска порождают у каждого человека повышенное чувство ответственности.

Ключевые слова: казахское ораторское искусство, риск, политический риск, онтостическое начало, би-ораторы, позиция Таухида, исламский взгляд, субъективная активность, политическая стохастика.

Kіріспе

Шешендік өнердегі саяси тәуекел концепциясын сөз еткенде алдымен, ерекше айтатын мәселе – би-шешендердің саясатқа деген өзгеше болмыстық көзқарасын айтуға болады. Бүгінге дейін саяси ғылымда негізінен саясатқа марксистік тұрғыдан орнықкан көзқарас басым болғаны мәлім. Қоғамдағы құбылыстарды не базиске, не қондырмаға жатқызу дәстүрі орнықкан еді. Сол принцип бойынша саясат қондырмаға жатқызылды. Мұндай жағдайда саясаткер алдын ала жоспарланған жолмен жүруші таза марионет болып көрінетін. Саясат шендік өнерде базиске де, алдын ала жоспарға да көне бермейтін, экономиканың даму логикасына бағына бермейтін ерекше феномен ретінде қарастырылады. Демек қазак шешендігінде саясат, ең алдымен, адамзат іс-әрекетінің белгілі бір түрі ретінде, екінші сөзben айтқанда адами тіршіліктің бір қыры ретінде қарастырылады. Сондықтан саясат, марксизмдегі базис сияқты адамның әлеуметтік-экономикалық өміріне ықпалын тигізетін, халықтың тағдырын анықтайдын, әр адамның қоғамдағы әлеуметтік-саяси статусын өзгертетін әрекет-күш деп мойындалады. Саясат өз даму логикасы бар, өз зандағылығы бар, өз даму тарихы бар өзіндік үрдіс ретінде танылады және би-шешендер саясаттағы объективтілікпен бірге субъективтілік жағдайларды да катар қояды. Мысалы, қалмақ пен қазак шапқыншылығы дәуірінде қазақ елінің қалмақта қалған малы мен ұлқыздарын қайтару мақсатымен Абылай ханның қалмаққа елші жіберу барысында Бертіс бидің «...Қасықтай қанымызды, шыбындей жанымызды салып көрерміз», – деп міндеттеме алуы хандық пен мемлекет тұтастығы және тәуелсіздігін көздеген сыртқы саясатта субъективтік әрекеттік принципті ұстанғандығын білдірсе керек.

Теориялық әдіс

Осыған байланысты тәуекел концепциясына метатеориялық негіз болатын бірден-бір феномен, ол қазак ділмарлығындағы ерекше ұстын (концепция) – сөз ұстарлардың саясатты белгісіздік (стохастикалық) сипат тән құбылыс ретінде таныған көзқарасы. Шешендік сөздерде саяси тіршіліктегі белгісіздік пен беймәлімділік, қауіп пен құдіктін орын алатыны табиғи құбылыс ретінде қарастыру дәстүрінің басымдығы. Стохастикалық деген ұғымның өзіне келсек, ол энциклопедиялық сөздікте гректің «stochastikos» (умеющий угадывать) деген сөзінен алынып, кездейсоқтық, ықтималдылық деген мағынада колданылатындығы көрсетіледі (Прохоров А.М. 1987: 1279). Ал шетелдік сөздер сөздігінде стохастикалық ұғымына қандайда бір құбылысқа өзінің сипаты тұрғысынан оның нәтижесін алдын ала нақты анықтауга болмайтын процесс ретінде анықтама беріледі (Спиркин А.Г. 1984: 608). Осы айқында маларға сүйене отырып, дала ділмарларының саясатқа деген стохастикалық көзқарасын негізсіз деп айтуға болмайды. Алайда, олар бұл құбылысты біздін түсінігіміздегі ғылыми тұжырымдармен жіктелеп, түсіндіріп жатпаған. Бірақ саяси көзқарастарында осындағы позицияда болғаны анық.

Ал енді бұл парадигманы ғылыми тұрғыдан талдайтын болсақ, ғылымда да әлемді тануға деген бір-біріне оппозициялық жағдайда болған екі түрлі: сциентистік және стохастикалық көзқарастардың болғаны әрі олардың арасындағы полемиканың бүгінге дейін жетіп отырғаны мәлім. Осы орайда А.С. Панарин саясатқа онтологиялық көзқарастың қалыптасуына қоғамға деген тек марксистік тұрғыдағы базистік-қондырмалық детерминизм ғана кедергі болып отырған жоқ, сонымен бірге оған негіз болған

«лапластық» детерминизмнің ықпалының бар екенін мойындауды (Панарин А.С. 1996: 19). Шындығында XVIII ғасырдағы әлемнің ғылыми бейнесі негізінен классикалық механиканың жетістіктеріне негізделгені белгілі. Механицизм өкілдерінің пікірінше, әлем нақтылық қатаң механикалық құрылым бойынша түзіліп, онда белгісіздіктерге орын берілмеді де бәрі алдын ала анықтауға жығылатын болды. Мәселен, Лаплас өзінің бәрін алдын ала анықтап отыратын сценаристік принципін ұсынды. Бұл көзқарас бойынша, әлем әлдеқайда алып бір механикалық жүйе сияқтанады да оның қозғалысы алдын ала анықталып койған занды ыргакқа бағынатын болды. Олардың пікірінше, адамзат тарихы, қоғамы, нақтылық айтқанда бүкіл әлемі және қоғами процестер алдын ала анықталған зандылықтар мен бағыттардан ешқайда ауытқымай, соған бағынышты сипатта жүріп отыратын құбылыс болып табылады. Мұндай зандылық орнаған әлем кеңістігінде саясат та өзінің нәтижесін алдын ала айтып тұратын немесе нәтижесін алдын ала белгілі болып тұратын үрдіс ретінде мойындалады. Міне, бұл қоғамдық-саяси құбылыстарға деген көзқарастардың бір сүлесі.

Жүйелік әдіс

Дүниеде екі дүлей күш бар, оның бірі – үақыт, енді бірі жағдаят деген сөздің осыдан екі ғасырдан бұрын айтылып жүргені тегін емес. Алда тұрған үақыт біздің тарихымызда онша онай үақыт емес, жағдаят жақсы бол кетер деп үміт етуінде де жөні жоқ» (Назарбаев Н.Ә. 1999:2), – деп ой түйіндеуін соны мойындағандықтың күесі деуге болады. Тағы да бір осындаі пікірге орын берсек, белгілі жазушы-ғалым Хасен Әбдібаев: «Адамзат тарихы сағымды қуудың қайырсыз көрінісіне ұксайды. Мұның себебі адамның ақымақтығында емес! Көзі жеткен жерді ғана көре білетін адам тындыруға ұмтылған ісінің тұпкі нәтижесінің қалай боларын білмейді, мәселенің тұп-тамырына үніле алмайды» (Әбдібаев Х. 1996:4), – деген ой-қорытынды жасайды. Бұл айтылғандарға дәлел ретінде Қазақстан саясаттану ғылымының соңғы үақыттағы обьективті және субъективті сипаттағы көптеген себептерге орай, стохастикалық дүниетаным шенберіндегі зерттеу жұмыстарына біршама ойыса бастауын айтуға болады. Мұның өзі, біріншіден, XX ғасырдың екінші жартысындағы, бұгінгі XXI ғасырдағы қасіретті оқиғалардың бүкіл адамзаттың тарихи дамуындағы терен де түйінді қарама-қайшылықтарды айқындауымен; екін-

шіден, адамзатының тіршілік ету жағдайының жоғары технологиялар дәүірінде тым шиеленісп кетуімен, үшіншіден, мемлекеттік, аймақтық және ғаламдық деңгейдегі дағдарыстарды әлеуметтік тұрғыдан болжайлау үрдістерінің күрделене түсімен түсіндірілмек. Міне, қарап тұрсаныз, жоғарыдағы үш тұжырым ғалам құпиясынан туындаң, дұдамалдықпен аяқталып тұр. Осы тұста К. Ясперстің ой-тұжырымын айтпасқа болмас. Мәселен ол, «әүел баста, бастапқы дүние болмысында құпия болмаган, оның нақтылы шындық екенін тікелей білуге болатын. Ал Адам ата мен Хая ананың құдай алдында кінәлі болуынан бастап, адамзат таным мен шектеулі сипат алатын практика арқылы уақытша мақсаттарды анықтау және оны орындау жолына тұсті. Осы арқылы адамзат белгілі бір анықтылыққа қол жеткізіп отыратындығын айта келіп, мұның бәрі шындық емес, символдар. Оның мәнін біз тек оларды тарихи тұтастыққа бағындыру арқылы ғана түсіне аламыз» (Ясперс К. 1991: 31), деп жазады.

Қазақтың би-шешендерінің саяси көзқарастарындағы стохастикалық белгілердің орын алу дәстүрінің қалыптасуына себеп болған басты фактор – ол, біріншіден, ғаламның құпиясын толық ашуға болмайтындығын мойындағандық болса, екіншіден, микроәлемдік құбылыс ретіндегі адамның да құпия жаратылыс екенін мойындау деп есептейміз. Ал осы адам дегеніміз не деген сұраққа берілген бүгінгі ғылыми тұжырымдарға көз жіберетін болсақ, оған толық жауаптың әлі жоқ екеніне, яғни адам өзі үшін өзі әлі де құпия жаратылыс болып қалатындығына көз жеткізуге болады. Мәселен кезінде И. Кант адам феноменінің негізі біздің таныммызындағы берілмейтін нәрсе екенін, өйткені Құдай оның жаратылу актісі туралы бізге мәлімет қалдырмаған деген пікірді алға тартқан. Испан философы Х. Ортега-и-Гассет философия адамды тануда анықтылықтан ғөрі белгісіздікке душар болатынын көрсетсе, Тейяр де Шарден адам ең бір құпиялы нәрсе дегенді мойындауды. Олай болса, обьектіні тану тәсілдерін субъектіні тану процесінде қолдануға келмейді деген сөз. Бұл субъектіні танудың өзіндік ерекшелігін көрсетсе керек. Адамның ерекшелігі оның құпиялылығында деп айта аламыз. Демек, заттық таным категорияларын субъектіні тануда қолдануға келмейді. Қазақ шешендігіндегі «адам аласы ішінде» дейтін түсінік жоғарыдағы ғылыми жорамалдардың баламасы десек артық айтпас едік. Бұл шешендік ойқорытындының астарында қазақ даналарының адам – өз си-

рын, ішкі мәнін, ақиқи жаратылыс болмысын өз ішінде жасырып жататын, ғылыми танымға беріле бермейтін құпия феномен дейтін танымынан белгі береді. Сонымен бірге, би-шешендер бұл сөз тіркесі астарында қоғамдық-саяси құбылыстардың беймәлімділік сипаттарының да жасырынып жататындығын мойындаған деуге болады. Олай болса, қазақ би-шешендері саяси құбылыстардың стохастикалық болмысын сол – «адам аласы ішінде» дейтін ұстанымға сүйене отырып түсіндірген. Оған мысал есебінде Мөғал бидің Ноғайбай биге арнауп айтқан шешендік арнауын алуға болады: «Ілімің бар екен, білімің әлде қалай. Қағуың бар екен, халқына жагуың әлде қалай. Айлаң бар екен, халқына пайдан әлде қалай. Жорғалығың бар екен, халқына қорғандығың әлде қалай. Заттығың бар екен, Халқына қымбаттығың әлде қалай?!», – дегенін айтуға болады. Бұл жерде карт би жас бидің же-ке қасиеттерін мемлекеттік, қоғамдық, халықтық тұрғыдан сынай отырып, бидің саяси мінезінің болмысына стохастикалық көзқараспен баға береді. Демек бұл би-шешендердің: «Бұл дүниенің сипатын түгел білген пенде жоқ» (Балпық би), – деген гносиологиялық идеясына келіп саяды. Шындығында осының бәрі адамзат қоғамындағы сауалы бар да, жауабы жоқ құбылыстардың көптігінен және оны түгел білу мүмкін еместігінде болса керек.

Нәтиже

Сондықтан, қазақ шешендік сөз өнеріндегі саяси тәуекел мәселесі де қазақ ділмарларының ғаламға деген құпиялылық көзқараста болуын мойындауына негіз бар деуге болады. Ал жоғарыдағы танымдық принципке негізделетін болсақ, адамға болмыстың түп көзі мен мәнін танып білу мүмкіндігі берілмеген болып есептелеіді. Осы орайда тағы да Балпық бидің айтқанына сүйенетін болсақ, ол: «Алланың қолындағы өмір сырын адам ашпақ емес», – деп ой түйіндейді. Бұдан біз қазақ би-шешендерінің кез келген құбылыстардың сырын ашуда, сонымен бірге саяси шешімдердің, іс-әрекеттердің нәтижесін болжуада, оны бір Аллаға тапсырған және ол істің бас-аяғын бір Аллаға басқартқан. Бұл үдерісті ислам діні арқылы енген «тәуекел» ұғымымен белгілеген. Сондықтан шешендік өнерде саясат көп жағдайда тәуекелге толы әрекет ретінде мойындалады. Қазақ шешендері саяси тәуекелді (risk) тек адамдағы әлеуметтік-психологиялық құргак-күдік ретінде емес, керісінше оны әлде-бір белгісіздіктермен, беймағлұматтылықпен,

негайбылдылықпен онтологиялық байланыста болатын іс-қимыл деп таныған.

Осы тұста, ең алдымен «тәуекел» ұғымы мен орыс тіліндегі «risk» ұғымдарының этиологиялық шығу тегі тұрғысынан терминологиялық сипаттамасы мен келтірінді немесе сапалық-мазмұндық сипаты, қызметтік мағынасы арасындағы айырмашылығы мен ұқсастығына қысқаша тоқталып өткен жөн. Батыс елдерінің сөздіктерінің бірінде, «Risk» сөзі – француздың «risque» – италян тілінің «risco» – «risico» – «risigo» – деген сөздерінен шығып, жоғалту, закымдану немесе жааралау ықтималы; қауіпті ықтимал; қауіп мағынасында қолданылатыны айтылады, екіншісінде «Risk» сөзі көне итальян тілінен XVII ғасырда француздың әдеби тіліне енгізілгенде және оның «қауіпке түсу» мағынасында қолданылатындығы айтылады. В.И. Зубковтың келтіруінде, Батыс ғалымдарының ғылыми зерттеулерінде «risk» ұғымы индивидтік мінездік кеңістігін құрастыруши, қалыптастыруши фактор ретінде қарастырылатындығы айтылады (Зубков В.И. 1999 а: 3). Батыс ғалымдарының пайымдауыша, «risk» ұғымының пайда болуы және адам мінезінде «risk» жоқ деген ойдан арылу керек екенін макұлдайтынын аңғарамыз. Ресейлік ғалымдардың пікіріне келсек, «risk» ұғымына алғаш анықтама берген Владимир Даљ. Ол өз сөздігінде «risk» түбірін негізге ала отырып «рисковать» етістігіне анықтама берген. Автор оны былайша анықтайды: «Рисковать, рискнуть – 1) сэтсіздікке, қателікке түсу, қандай да бір жаңылыс есеп жасау, кездейсоқтыққа ұшырау, сэттілікке үміттене отырып батыл әрекет жасау; 2) қауіпке, жамандыққа, сэтсіздікке жолығу» (Даљ В. 1980: 96). С.И. Ожеговтың сөздігінде, «risk» – 1) сэтсіздік қаупінің болу мүмкіндігі; 2) сэтті нәтижеге үміттенген әрекет» (Ожегов С.И. 1989: 678), В.В. Лопатиннің сөздігінде «risk» – «қауіп мүмкіндігі» (Лопатин В.В. 1998: 595), – деп алынса, ал политологиялық энциклопедиялық сөздіктегі «Risk политический» – деп алынады да оған «кез келген деңгейдегі саяси шешім бойынша қандай да бір мінездің, әрекеттің бағытын тандауда түзеуге келмейтін құбылыс элементі» (Мусабаев Ф.Ф. 1981: 85), – деген анықтама беріледі. Ресейлік социолог В.И. Зубковтың пікірінде, «risk – қол жеткізілуі немесе алынылуы белгілі бір шығын тарту қаупі катар келу мүмкіндігі бар тартымды мақсатқа бағытталған іс-әрекет немесе қандай нәтиже беретін белгісіз және сэтсіздік жағдайда жағымсыз салдары болатын ситуациялық жағдай»

(Зубков В.И. 1999 б: 4) ретінде қарастырылады. Ресейлік ғалымдардың анықтамаларын топтастыра келіп, «risk» ұғымының мазмұны кез келген деңгейдегі қандай да бір іс-әрекеттің адам үшін оң да, теріс те нәтиже беру ықтималдылығымен анықталатынын байқауга болады. Нәктылап айтсақ, «risk» ұғымының мазмұны алда күтілген істің нәтижесі қандай да бір өзінің белгісіздігімен, сонымен бірге қауіптілігімен байланысты болатынын аңғарамыз. Истің нәтижесі туралы әр түрлі альтернативалы шешімдерді қабылдау мүмкіндігімен байланыста болатынын айтуға болады. Олар бұл терминнің мазмұндық астарында оң және теріс сияқты екі түрлі үміттік сезімнің қатар жатқандығын аңғарады. Ол, біріншіден, істің сәтсіздікке ұшырау қаупі, екіншіден, ол қандай сәтсіздік, яғни оның дәрежесі, ауқымы, салдары қандай деген сияқты мәселелерді туғызады.

Енді «risk» ұғымының қазақша баламасын қарастыратын болсақ, орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздітердегі берілген баламаларда өзара ұқсастық бар екенін көреміз. Біріншіден, «risk» – тәуекел, қауіп-қатер; с риском для жизни – өмірін қауіп-қатерге тәуекел ете; … действовать на свой страх и риск – қауіп-қатерді біле тұра тәуекел ету» (Сыздыкова Р.Г. 2001а: 283), – деп берілсе, ал екіншісінде: «тәуекел – 1. риск; 2. Соқыр тәуекел – авантюра» (Сыздыкова Р.Г. 2001б: 795), – деген баламаны береді.

«Риск» сөзі мен «тәуекел» сөзінің мағыналық жағынан байланыстырын сөз етерде, біздің пікірімізше, тіл ғылымындағы тілдің даму процесіндеңі қапалық және сандық тұрғыдан жіктелуін ескеру керек сияқты. Тіл білімі өкілдерінің пікірінше, тілдегі ұғымдардың сандық көрсеткіштеріне қарағанда қапалық сипаты жағы көп ескерілетіні макұлданады (Будагов Р.А. 1977: 35). Осы тұрғыдан алғанда араб тілінен енген «тәуекел» сөзі өзінің көлтірінде мағыналық немесе қапалық-мазмұндық тұрғыдан алғанда «risk» сөзімен сәйкестену икемділігіне ие болу мүмкіндігін көрсетеді. Олай болса, философиялық терминдер жүйесінде қолданыста жүрген орыс тілі арқылы енген «risk» сөзі мен араб тілінен енген «тәуекел» сөзінің арасында қапалық-мазмұндық жағынан байланыс жатқанын байқауга болады. Мысалы, «Құран кәрім лұғаты» атты сөздікте: «Тәуеккәл – бір істі Алла тағалаға тапсыру; Аллаңқа сүйену» (Махмуд Чанга. 1994: 559-560), – деген анықтама берсе, ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде, «тәуекел – бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буғандық. Нар

тәуекел – бір нәрсеге барлық қыншылықты сезе отырып, батылдықпен бел шешіп кіріскендік. Тәуекел етті – бір іске бел шешіп, батыл кірісті, неге де болса қонбекші болды» (Ысқақов А.Ы. 1979: 112), – деген сипаттама береді.

Сонымен «risk», «тәуекел» сөздеріне этиологиялық та, мағыналық та түрғыдан берілген анықтама-айқындаларды қорыта келгенде, олардың тоғысатын жері біреу ғана, ол – адамға келіп тіреледі десек болады. Атап айтқанда «risk» ұғымының сапалық мазмұны «қауіпті ықтимал», «қауіпке тұсу», «қателікке, кездейсоқтыққа ұшырау», «сәтсіздікке жолығу», «сәтсіздік қаупінің болу мүмкіндігі», «қауіп мүмкіндігі», «нәтижесінің белгісіз болуы» сияқты айқындалармен байланыстырылса, «тәуекел» ұғымы да сол бір белгісіздіктен төнуге ықтимал қауіп-қатерден туындастын сезімдерден адамның өз мүмкіндігіне сенімсіздіктер туған жағдайда, қыншылықты сезе отырып, оның іstemекке керек іс-әрекеті келешегін, нәтижесінің сәтті аяқталуын Аллаға тапсырумен байланысты болатынын аңғаруға болады. Өйткені, мұсылмандық таным ұстанымы бойынша, жоғарыда айтқанымыздай адамзат өз өмірін Аллаға басқартса ғана аман-есен бола алады. Яғни «risk» пен «тәуекел» ұғымдары төнреғіндегі айқындалардың бәрі бір ғана адамның қандай да бір іс-әрекет мақсатты істі істеуде оның нәтижесінің оң немесе теріс болуына нақты көзі жетпеушілікten, белгісіздіктен, сенімсіздіктен болатын үрейден туындастын қауіп-қатердің болу ықтималдылығы жағдайында шешім қабылдау мен оны іске асыру әрекеттіне қатысты ситуациялық құбылысқа келіп тірелетінін көреміз. Демек «risk» және «тәуекел» ұғымдарының шығуы, біріншіден, әлемдік және қоғамдық құбылыстарға деген стохастикалық көзқараспен байланысты болды десек, екіншіден, олар адамзатының қандай да бір іс-әрекет жөнінде мақсатты шешім қабылдау үстінде саналы жауапкершіліктің пайда болуымен ғана қажеттіке айналған деп мойындастын көзқараспен келісуге болады.

Дискуссия

Жоғарыда айтылған теориялық шешімдерге сүйене отырып, қазақ би-шешендерінің саясатқа деген стохастикалық көзқарасы қазақтың тәуекелшілдік дәстүріне негізделе отырып көрініс тапқан деп айтуға болады. Түптеп келгенде, жалпы тілдің, оның ішінде қазақ шешендік сөз үрдісінің саяси стохастикалық жүйе бо-

луы, оның сыртқы объективті әлеуметтік-саяси ортаны бейнелеу формасы болуында, шешен сөздер саяси ұтымды ойлау контенті болуында деп білеміз. Шешендік сөз болжалдық шындықты анықтау құралы басты мақсаттарының бір де сол болжамды айту, оны қоғамдық санада қалыптастыру әрі тәуекелшілдік сананың әлеуметтік-саяси маңызын саралау десек артық айтпағандық. Сол сияқты, сөз маржаны болып табылатын осынау шешендік гибратты сөздер өмір шындығын іздеумен, халықтың әлеуметтік-саяси ойлау моделін бейнелуімен, саяси-әлеуметтік тіршілік болмысын, мінез-құлқын, оның ментальдық тұстарын, саяси болжалдық формаларын айқындауымен ерекшеленеді. Мысалы, Есет би: «Тәуекел ердің жолдасы, тілекtes болған дос жарым», – деп толғайды. Бұл тұста дала ділмары «тәуекел» феномені адамның онтостық бастамасы болатынан сыр білдіреді. Екіншіден, «тілекtes болған дос жарым» деген шиырдан тәуекел адаммен бірге өмір сүретін болмыстық константа дейтін идея жатыр. Ушіншіден, қандайда да бір істің нәтижесін алдын ала анықтай білу адамға беріле бермейтін метафизикалық шындық дейтін ойфа жетелейді. Төртіншіден, Есет би тарарапынан істің нәтижесін өзектендіру тенденциясын байқаймыз, яғни тәуекел адамды әр іске ынталандырады, оның үміттену әлеуетін күштейтеді.

Ал енді «Айдап келеді ақ найзалы, ақылымнан таппадым еш пайданы. Тілеуімнің әйелі екіқабат, ұл туса, атын қойындар Ер Байдалы. Елге ие болындар, Аллаға барлығынды тапсырдым» (Кенгіrbай би), – деген шешендік толғаудың тәуекел-концепттік астарына үнілетін болсақ, шапқыншылық кездегі жаудың жақындағанын ескерте отырып, қазақтың келешегін нақ болжай алмай «ақылымнан таппадым еш пайданы» деген шешендік шиыр арқылы жан ұшырған жағдайды сипаттайды. Соナン соң «Тілеуімнің әйелі екіқабат, ұл туса, атын қойындар Ер Байдалы» дей келіп, жақсылыққа үміттепетін саяси ықтималдық гипотезаны ұсынады. Сонымен бірге, мұнда қазақ би келер нәтижені батырлық рухқа бағышлады, яғни тәуекел істің он шешімін күтеді. Ал «Елге ие болындар, Аллаға барлығынды тапсырдым» деген шешендік аманат толғанысында атамыш би нағыз тәуекелшілдік шешімге келеді де елдің жақсы өмірге өтуін бір Аллаға аманаттайды. Бұл жерде қазақ бінің саяси тәуекел контекстіндеғі концептуалды ойын қазақтың тілдік семиотикалық жүйесіндегі ментальды перцептуалдық амалмен баяндау үлгісін көрсетеді. Міне, бұл да қазақтың дәстүрлі қоғамындағы

саяси тәуекел концептісінің көрініс табуының бір формасы. Қорыта айтқанда, тәуекел феномені қоғамдық сананың тұрақты өзектену тенденциясын дәлелдей түседі.

Қазақ ділмарлары адамның өз көкірегінің түпсіз теренін құпия дыбыс үнін естітінін, оны тәуекел ұғымы арқылы бейнелейтін ұлттық танымды көрсетеді. Мысалы, «Ұйғарым маған болды. Шынымен-ак адам өлтірем бе деген ой тұрды көкірегімде. Бірақ мен өлтірмесем, ол мені өлтіреді. Тәуекел дедім» (Қазыбек би), – деген шешендік толғау соның кепілі. Қазыбек бидің бұл шешендік толғауындағы тәуекелге байланысты ойы – ол құбылыс әр адамның өміріне де әр қоғамға да қатысты тұрақты құбылыс болатыны туралы саяси парадигма. Тәуекел парадигмасы әр кезде адамды қандайда бір диллемалық жағдайда күй кешүгे әкелетініне зер салу қажеттігін би-шешендер ескертеді. Сонымен бірге, дала сөзмерлері тәуекел ұстанымының ішкі дуалистік дихотамиялық логикаға құрыллатын феномен болатынан да сыр береді. Ол бір жағынан қиянатқа итермелесе, екінші жағынан ел, халық, отан, жер үшін алдыңғыға қарағанда жауынгерлік әрекеттің басым болатынына, оның өзі биік құндылық екеніне қарай адам ақылын ойыстырады. Қазақ даласында тәуекел ұғымы осындай бір саяси идеагемдік әдіснаманың негізіне байланған. Сол сияқты «Уайым тұбі – теңіз, батасың да кетесің. Тәуекел тұбі – қайық, мінесің де өтесің», – деген мақалдың да мағынасы соған келіп саяды. Бұл келтірілген мысалдардағы «Тәуекел ердің жолдасы» деген сөз тіркесі қазақтың дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік-саяси құбылыстарға қатысты қалыптасқан этнопсихологиялық тәуекелшілдік үрдістің онтологиялық сипатын ангартады. Мұндай құбылысқа негіз болатын жағдайы «тілеуімнің әйелі екіқабат» деген сөз тіркесі өзінде жасырып тұр. Ол алдағы іс-қимылға, оның нәтижесіне деген белгісіздіктен туатын стохастикалық болжамның бар екендігін астарлы шешендік ораммен айтқызып тұrsa керек. Ал «Аллаға барлығынды тапсырдым», «тәуекел дедім», «Тәуекел тұбі – қайық, мінесің де өтесің» деген сөз тіркестері қабылданған шешімнің он немесе теріс нәтижеге әкелеріне көзі жетпегендіктің және алда қауіп-қатердің бар екенін сезе тұра, жақсы нәтижеге бағышланған батыл іске барушылықты айқындаса керек. Яғни бұл тәуекел субъектісінің белсенделілігін айғактайды деп ой түйіндеуге болады.

Тәуекел субъектінің белсенделілігін немесе қандайда бір басқа субъективті позициясын

«саяси мінез-құлыш» категориясы арқылы көрсетуге болады деп есептейміз. Өйткені бір түрлі жағдайда әр адам әр түрлі мінез бағытын көрсетуі мүмкін, яғни олар әр түрлі тәуекелге баруы мүмкін. Демек, тәуекел белгілі бір жағдайға көніл аударған тек субъектінің мінез-құлқындаған пайда болады. Осы орайда, Төле би Абылай жөніндегі өз пікірін саяси стохастикалық тұрғыдан саралтай келіп: «Кім біледі, бір күні бір ұрыста қалмақтың шанышқан бір инесінен жазым болып журмессе. Құдай лайым тілегімізге жеткізгей», – деп айтқаның келтіруге болады. Бұл мысалда Төле би қазақ ханының саяси кеңістіктегі ғұмырының ұзақ немесе қысқа болуына қатысты саяси болжамдарын білдірудегі ықтималдылық танымын көрсетіп отыр. Сонымен бірге саяси тәуекел антропоцентристік өз сырын өз ішіне жасырып отыратын онто-эгологиялық мәселе болатынын айқындей түседі. Тағы бір айта кететін ой – ол саяси құбылыстардың қандай бағытта нәтиже беруі оған қатысуши субъектілердің саяси мінезіне тәуелді болатындығы жөніндегі пікір. «Есентай Аға сұлтан болды», – деп сұраған кісіге Тоқсан бидің: «Жақсы болды дегенше, бақсы болды десенші. Бұзакыға бұзакы жақсы болды десенші. Ақ, қараны айырмас, надан болды десенші. Жақсылық іс жақпайтын, жамандықты жақтайтын заман болды десенші. Жақсылық кетіп жамандық, халалдық кетіп харамдық орын алды десенші», – деп шешендік толғаумен берген жауабына үйілетін болсақ та тәуекелшілдік дәстүрдің шындығында адам мінезі кеңістігіне тәуелді екенін көруге болады. Жоғарыдағы мысалдардан аңғарылатыны, егер Төле Абылайдың өз тағдыры және оның саясатының тағдырын «қалмақтың» соғысындағы мінезіне тәуелдендіріп тұрса, ал Тоқсан би қазақ халқының, қазақ қоғамының тағдырын Есентай мінезіне әкеп тірейтінін байқаймыз. Мұндағы келтірлген екі мысалдан алдағы нақтылы әлеуметтік саяси жағдайда нақ баға беру және адам мінезінің салдары әлеуметтік ортаға да, табиғаттағы кездейсоқ жағдайға да байланысты болудан қалып, ол жөнінде қалыптасқан тек субъектідегі белгісіздік, дұдамалдық, сенімсіздік сезімдермен байланыстылығы көрінеді.

Сонымен бірге, белгісіздіктің өзі қоршаған шындық туралы адам танымының жеткіліксіздігінің нәтижесі болып табылатындығы айқын сезіледі. Оны Наурызбай батырдың: «Кене аға, осы соғыс болды қалай? Сен өлсең екі күшік балаң бар-ды, женері қырғыз-қазақ екіталай. Кене аға, осы жолдан қайтсаң қалай», – деп айтқанынан немесе Бұқар бидің Әбілхайыр ханға:

«Орыстан болып жақының, тапқан-ақ екен Әбілқайыр ақырын. Қатын патшадан бата алдың, қалай болар екен ақырын?, – деп айтқан шешендік арнауларынан түюге болады. Сондай-ақ, «Алдағы күндері халқымың құні қандай болмак деп армандамын» (Төле би), «... өлсем кетермін, тірі қалсам елге жетермін, сонда сізді ойлармын» (Кебекбай шешен), «Тауып бір керім амалын, талқандап тас қамалын, күл қылса кер заманын, түзелер ме заманым!..» (Шағырай шешен) – деп айтылатын қазақ шешендігіндегі белгісіздік сезімдер соның кепілі.

Жоғарыда айтылғандар бір жағынан, адам табиғатындағы иррационалдық болмыстың ес-керілгенін ескертсе, екінші жағынан, саяси іс-әрекеттердің түпкі нәтижесіне ықпал ете алатын факторлардың барлығына дерліктең субъектінің баға бере алуының мүмкін еместігін көрсетеді. Адамдағы иррационалдық қасиетке тағы да бір мысал келтірсек: «өз мінінді білмestен, қалайша бұйрық бересің» (Саржан би), «– Ей, ағайын, сендер мені Нұралыға жұмсамаңдар, ол ит маган да бермес. Берсе жақсы, бермесе тегін қайтпаспын, бір жанжал туып кетер» (Сырым шешен) – деген шешендік шыырларды келтіруге болады. Сонымен бірге «Іншалла, Қазкен (Қазыбек би – Д.С.), егер осы жолы женгендей болсақ, бұл – қалмақтың құруының басы болады» (Бөгембай батыр шешен), «Ең алдымен жекпе-жекке Сатайұлы Бөлек шығады, «жаман айтпай жақсы жоқ», ал женіліп, аттан түсіп қалса, Олжабай шығады деп шештік» (Қазыбек бек), – деп айттылғандар оған кепілдік етіп тұр. Ал енді адамның саяси факторларға толық баға беру мүмкіндігінің шектілігіне келсек, оған Ахыт хажы-шешеннің: «Әуре басым, көз жасым тынбай ағып, болды сел, Иілді мойын, менің ойым, не болады қайран ел!», – деп айтқаны, сондай-ақ, Төле бидің: «Қоймайсыздар шаршы топ, қандай жерге барамын. Болады қандай заманым, ... Қөшпілік өзің білесің, мен жалғызыбын сіздер көп», – деп жауап беруі күе.

Қазақ шешендігіндегі тәуекелшілдік дәстүрдің басты ерекшелігі би-шешендер қандай жағдайда да болмасын, тіпті толық белгісіздік жағдайда да субъектінің өз тәжірибесіне, ішкі интуициясына, ішкі сезіміне негізделе отырып жағдаятқа баға беруге және шешім қабылдауға мәжбур болатындығы, яғни тәуекел жасайтындығы болып табылады. Мәселен, Қазыбек бидің қалмақ ханынан келісімге барғандағы, Тайкелтір шешенің Қоңтажының алдында төмендеп сөйлегеніне, одан кейін қазактар тарапынан ешкім ештеңе дей алмаганына және осы тұста қазақ пен

қалмақ арасының таразыға түскендей болғанын сезген Қазыбек бидің тәуекелге бел байлап: «Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Берсен жақсы бітімінді айт, бермесең дірілдемей жөнінді айт, не тұрысатын жерінді айт», – деп айтқаны соның дәлелі. Мұнда Қазыбек бидің тәуекел шешіміне негіз болған метанегіз – ол саяси тұлғаның болашақ нәтижеге деген интуициялық әлеуеті, психологиялық батылдығы, лингводипломатиялық әдісі, шешендік контенті, ой орамы, тіл қарымы. Ал Жәнібек бидің: «Мен жарапалы арыстан, жаулассам жармай кете алман. Кекті болған жауыммен, кескілеспей біте алман», – дегені де саяси тәуекелдің нәтижелі ықтималдылығын жақыннатуды білдіреді. Сонымен бірге, істің нәтижелі болуы саясат субъектісінің ішкі ментальдық қуат күшінің дәрежесіне, саяси мінезінің мақсаттылығы мен табандылығына, мінез қайратына, мінездегі психологиялық дәрменнің деңгейіне байланыстылығын, бір сөзben айтқанда, саяси тәуекелдің субъективтік сипатын айқындаі түседі. Енді Қопа шешенің толғауына үнілсеқ, ол: «Сөз сұрасан Қопадан, тартысты жерден тартынбас», – дегенді алға тартады. Мұнда да қазақ ділмари қандайда бір іс-әрекеттің стохастикалық сипат алатындығын шешендік сөз моделінде беріп, қазақтың саяси семиотикалық мәдениеті деңгейін анықтай түседі. Көзделген мақсатқа, межелі міндетке жетудегі тәуекелшіл үміт рухын аңғартады. Алайда, істің нәтижесі немен аяқталады деген тұста тәуекелдікке бел байлайтын екіұдай шешімді білдіретіні анық. Тағы бір мысалға құлақ салсақ, Алтын емел жотасындағы қазақтың қалмақпен соғысында қалмақтың Дөде батырымен қазақтың екі батыры жекпе-жекке шығып мерт болып, Дөденің қазақ тарапынан шыққан бала батырды менсінбей тұрган жағдайда Бәйдібек бидің: «Келсең кел, өзім де сол сөзінді күтіп тұр едім» – деп нар тәуекелге бел байлап Дөде батырмен жекпе-жекке шыққанын айтуда болады. Мұнда Бәйдібек батырдың тәуекел ісінен байқалатыны, соғыс өнеріндегі стохастикалық құбылыстың орын алатындығын және ондағы тәуекелшілдіктің басым болатындығын аңғартады. Бақа тәуекелге қарағанда мұнда істің нәтижелі болу ықтималдылығы басымдау көрінеді, бірақ оны алдын ала ешкім нақ айтылмайтын күмән да қатар тұр деп топшылауға болады. Ал сол кезде сарбаздарының: «Иә, құдай, аруақ қолдай гөр» деп тілек тілеп шуласқанынан да саяси тәуекел феноменінің орын алғанын аңғаруға болады. Бұл жерде істің оң нәтижесінің алыстай тусу

ықтималдығын көруге болады. Өйткені оң нәтижені адамның болжau мүмкіндігі өте төмендеп тұr, оның нәтижелі болу амалы трансценденттік дәрежеге көтерілуде. Нақтырақ айтқанда алдағы іс Алланың қолдауына тәуелді, демек оның нәтижесін алдын ала көре білу адамға берілмегендігін хабар береді. Сайып келгенде, бұл қазақтың дәстүрлі саяси мәдениетіндегі келешекті болжau моделі деп айтуда негіз бар. Келтірілген шешендік арнау-толғаулардан байқайтын тағы бір нәрсе, ол – белгісіздіктің тәуекелшілдікті құрайтын әрі себеп, әрі оны белгілейтін ерекшелігі болуында. Яғни, белгісіздік тәуекелдік іс-әрекеттің болу ортасын құрап тұr десек болады. Сондықтан Бәйдібек пен Қазыбек билердің мысалында белгісіздіктің артуы тәуекелдің артынан тағы да көптеген тәуекелдің тууына әкелуі мүмкін екені көрсетілгендей болады. Олай болса, қазақ би-шешендерінің шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік сын, шешендік бата, шешендік нақыл, шешендік мәтел, шешендік дау, шешендік мін сөздері – шындықты ішіне жасыратын саяси тәуекелді бейнелейтін ақиқат тоникасы деуге болады.

Қорытынды

Біздің пікірімізше, тәуекел саясат субъектісінің әлеуметтік-саяси мінезін сипаттайтын құбылыс болып табылады. Тәуекелшілдік іс-әрекеттің нәтижесіне деген белгісіздік тұған жағдайда іске асырылады. Егер жалпы белгісіздік, дұдамалдық, беймәлімділіктің көздерінің де, тамырларының да сан қырлы болатынын мойында, оны ескеретін болсақ, онда бүкіл қоғамдық-саяси өмір өзінің кез келген деңгейінде және кез келген сәтінде құпияға толы болады, демек тәуекелмен, тәуекелшілдікпен астарласып жатады деп ой қорытуға болады. Қоғам – тәуекелі мол «алтын көмбе» десек артық айтылғандық емес. Сонымен, шешендік сөйлеудегі саяси философия тәуекел ұғымындағы ішкі құндылықты, оның өз жетістігін және көшпілікке беймәлім, ұғымсыз құпиялықты менгереді. Би-шешендердің саяси тәуекел философиясына қатысты ойлары ақиқат өзінің «ашықтығымен», «шынайылығымен» емес, ең алдымен барынша «құпиялылығымен», «беймәлім-жұмбақтығымен» үйлесімді, жарасымды дейтін пікірлерге тоғысады. Бұл пікірлер тәуекелдің астарындағы анықты ашу – жәй женіл ғана белгілі бола қалатын нәрсені табу екенін аңғартады. Оның өзі бізді құпия сырды, жұмбак дүниені мәнгілік іздеу

жолына салады. Осыдан мифтер әлемінің пайда болуың нақ.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келіп, өз ойымызды төмөндегідей тұжырымдарға тоғыстыруға болады:

– белгісіздікten тәуекелшілдік сезімнің туындастынын анықтау;

– тәуекелдің объективті құбылыс екенін, бірақ оның мазмұнының субъективті құбылыс болуын мойындаушылыққа көніл аудару;

– тәуекел жағдаят әр кезде адамның белгілі бір жауапкершілікке байланысты туындастынына шешен-білердің көніл аудару үрдісіне үнілу.

Әдебиеттер

- 1 Әбдібаев Х. Тарих және идея сабактары// Қазақ әдебиеті, 1996, 10 қыркүйек.
- 2 Будагов Р.А. Что такое развитие и совершенствование языка? – М.: Наука, 1977. – 264 с.
- 3 Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: Русский язык, 1980. – Т. 4. – 683 с.
- 4 Зубков В.И. Риск как предмет социологического анализа // Социс. 1999. – №4.
- 5 Қазақша-орысша сөздік. Р.Г.Сыздыкованың редакциясымен. – Алматы: Даик-Пресс, 2001. – 1008 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ф.Ф. Мұсабаевтың редакциясымен. – Алматы: Ғылым, 1979. – 4-т. – 672 б.
- 7 Құран кәрім лұғаты. /Құрастырган Махмуд Чанга/. – Стамбул: Тимаш, 1994. – 725 б.
- 8 Лопатин В.В., Лопатина Л.Е. Малый толковый словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1998. – 832 с.
- 9 Назарбаев Н.Ә. Еліміздің жаңа гасырдағы тұрактылығы мен қауіпсіздігі // Қазақ әдебиеті, 1999, 15 желтоқсан.
- 10 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Рус. Яз. 1989. – 924 с.
- 11 Орысша-қазақша сөздік. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының F.F. Мұсабаевтың бас редакциясымен. 1981. – II т. – 588 б.
- 12 Панарин А.С. Философия политики. – М.: Новая школа, 1996. – 424 с.
- 13 Словарь иностранных слов / Под редакцией А.Г. Спиркина 11-е изд., стереотип. – М.: Рус. яз. 1984. – 608 с.
- 14 Советский энциклопедический словарь. Гл. ред. А.М. Прохоров; редкол.: А.А. Гусев и др. – изд. 4-е. – М.: «Советская энциклопедия», 1987. – 1600 с.
- 15 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.

References

- 1 Abdibayev H. (1996) Tarih zhane ideya sabaktary (History and the lessons of idea) // Kazak adebieti, , 10 kyrkuiet.
- 2 Budagov R.A. (1977) Chto takoe razvitiye I sovershenstvovanie yazyka? (What are the development and perfection of language?) –M.: Nauka.. – 264 s.
- 3 Dal V. (1980) Tolkoveryi slovar zhivogo velikorusskogo yazyka. (Explanatory dictionary of the living Great Russian language.) –M.: Russkii yazyk.. T.4. -683 s.
- 4 Zubkov V.I.(1999) Risk kak predmet sociologocheskogo analiza (Risk as a subject of sociological analysis)// Sosic, , №4.
- 5 Kazasha-orysssha sozdik. R.G. Syzdykovanyн redakciasymen (2001) (Russian-Kazakh Dictionary. Ed. by R.G. Syzdykova.) – Almaty: Daik-Press, – 1008 b.
- 6 Kazak tilinin tusindirme sozdigi. G.G. Musabayevtyn redakciasymen; (1979) (Explanatory dictionary of Kazakh language. Ed by G.G. Musabayev.)-Almaty: Gylym, 4-t. -672 b.
- 7 Kuran karim lugaty. Karastyrgan Mahmud Changa.(1994) (The Quran. Compiled by Mahmud Changa)–Stambul: Timash, 1994. -725 b.
- 8 Lopatin V.V., Lopatina L.E. (1198) Malyi tolkowyi slovar russkogo yazyka. (Small explanatory dictionary of the Russian language.)–M.:Russkii yazyk, 1998. -832 s.
- 9 Nazarbayev N.A.(1999) Elimizdin zhana gasyrdagy turaktylygy men kauipsozdigi (The stability and security of the country in the new century) // Kazak adebieti, 1999, 15 zheltoksan.
- 10 Ozhegov S.I. (1989) Slovar russkogo yazyka.(Dictionary of Russian language.) – M.: Rus. Yaz. 1989. -924 s.
- 11 Oryssha-kazakshsa sozdik.(1981) –Almaty: Kazak sovet enciklopediyasynyn G.G. Musabayevtyn bas redakciyasymen. (Russian-Kazakh Dictionary. –Almaty: Kazakh Soviet encyclopedia edited by G.G. Musabayev.) // II t. -588 b.
- 12 Panarin A.S.(1996) Filosofiya politiki. (Philosophy of politics.) –M.: Novaya shkola, – 424 s.
- 13 Slovar inostrannyh slov.(1984) – Pod redakciei A.G. Spirkina 11-e izd., stereotip. (Dictionary of foreign words. Ed. by A.G. Spirkin. 11th edition stereotype.)- M.: Rus. yaz. 1984. -608 s.
- 14 Sovetskii enciklopedicheskii slovar. (1987) (The Soviet encyclopedic dictionary. Ed by A.M. Prohorov, A.A. Gusev. 4th edition.) Gl. red. A.M. Prohorov; redkol.: A.A. Gusev I dr. -izd. 4-e -M.: «Sovetskaya enciklopediya». – 1600 s.//
- 15 Yasperks K.(1991) Smysl I naznachenie istorii. (The meaning and purpose of history.)-M.: Politizdat, -527 s.

Taukebaeva Elmira¹, Zhailau Zhanat²

¹PhD in Political Science, acting Assistant Professor of the Department of International Relations and Political Science, Faculty of Jurisprudence and International Relations South Kazakhstan State University named after M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: elt_s@mail.ru, tel.: +7 701 710 2798

²Candidate of juridical sciences, associate professor of the international law department of international relations faculty of Kazakh National University named by al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhan1831@gmail.com, tel.: +7 701 718 4999

FACTORS IMPEDING EFFECTIVENESS OF SECURITY COOPERATION BETWEEN THE EU AND CENTRAL ASIAN COUNTRIES

This article is devoted to the consideration of factors impeding effectiveness of security cooperation between the European Union and the countries of Central Asia. The author examines in detail the following aspects of the EU and Central Asian countries' interrelations: enhancing the international responsibility of the European Union on the world arena, the EU initiatives on the democratization of political processes in the countries of Central Asia, the spread of drug trafficking, the problems associated with terrorist activities in Central Asia, the investment climate of the Central Asian region, the perception of democracy by both the EU and the countries of Central Asia, the East-West confrontation and other. The authors reveal the current problems of cooperation, offering ways out of this situation, since the relationship between the EU and Central Asia, including the security sector, have the potential for further improvement. The brief characteristic of the EU's cooperation with each Central Asian country is summarized in the article; it identifies the advantages and disadvantages of the Central Asian countries on their way towards democracy. The political interests of each side are also analyzed in the article.

Key words: effectiveness, security, cooperation, European Union, Central Asia, geopolitics, democratization.

Таукебаева Эльмира¹, Жайлау Жанат²

¹саясаттану саласында PhD доктор, М. Әүезов атындағы Оңтүстік Қазакстан мемлекеттік университетінің заңтану және халықаралық қатынастар факультеті халықаралық қатынастар және саясаттану кафедрасының доценті м.а., Шымкент к., Қазақстан, e-mail: elt_s@mail.ru, тел.: +7 701 710 2798

²заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық, қадағалаудың доценті м.а., Алматы к., Қазақстан, e-mail: zhan1831@gmail.com, тел.: +7 701 718 4999

**Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасындағы
халықаралық қауіпсіздік саласындағы әріптестіктің тиімділігіне
кедегі көлтіретін факторлар**

Мақалада Еуропалық Одақ, пен Орталық Азия елдері арасындағы халықаралық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың тиімділігіне кедегі көлтіретін факторлар қарастырылады. Авторлар Орталық Азия елдері мен Еуропалық Одағының қарым-қатынасының келесі аспекттерін анықтап зерттеуде: Әлемдік сахнада Еуропалық Одақтың халықаралық жауапкершілігін арттыру, Орталық Азия елдеріндегі саяси үрдістерді демократияландыру бойынша Еуропалық Одақ, бастамалары, есірткінің еркін айналымының тараулы, Орталық Азия территориясындағы террористік әрекеттерге байланысты мәселелер, Орталық Азия аймағының инвестициялық климаты, Еуропалық Одағының және Орталық Азия елдерінің демократияны қабылдауы, Шығыс-Батыс текетіресі және басқа да аспектілер. Авторлар әріптестіктің өзекті мәселелерін анықтап, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын ұсынуда. Өйткені Орталық Азия және Еу-

ропалық Одак арасындағы қарым-қатынас, қауіпсіздік саласын қоса, алдағы уақытта одан әрі жақсарту әлеуетіне ие. Макалада Еуропалық Одақтың Орталық Азияның әрбір елімен өзара қарым-қатынасына, артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, қысқаша сипаттама берілген. Сонымен қатар, әр тарафтың саяси мұдделеріне сараптама жасалған.

Түйін сөздер: тиімділігі, қауіпсіздік, ынтымақтастық, Еуропалық Одак, Орталық Азия, геосаясат, демократияландыру.

Таукебаева Эльмира¹, Жайлау Жанат²

¹PhD в области политологии, и.о. доцента кафедры международных отношений и политологии факультета юриспруденции и международных отношений Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан, e-mail: elt_s@mail.ru, тел.: +7 701 710 2798

²кандидат юридических наук, и.о. доцента кафедры международного права факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, E-mail: zhan1831@gmail.com, тел.: +7 701 718 4999

Факторы, препятствующие эффективности сотрудничества в сфере международной безопасности между Европейским Союзом и странами Центральной Азии

В статье рассматриваются факторы, которые препятствуют эффективности сотрудничества в сфере международной безопасности между Европейским Союзом и странами Центральной Азии. Авторы прорабатывают следующие аспекты взаимоотношений Европейского Союза и стран Центральной Азии: повышение международной ответственности Европейского Союза на мировой арене, инициативы Европейского Союза по демократизации политических процессов в странах Центральной Азии, распространение незаконного оборота наркотиков, проблемы, связанные с террористической деятельностью на территории Центральной Азии, инвестиционный климат Центральноазиатского региона, восприятие демократии как Европейским Союзом, так и странами Центральной Азии, противостояние Восток – Запад и другие аспекты. Авторы выявляют актуальные проблемы сотрудничества, предлагая выходы из сложившейся ситуации, так как взаимоотношения между Европейским Союзом и Центральной Азией, включая сферу безопасности, имеют потенциал дальнейшего усовершенствования. В статье приводится краткая характеристика сотрудничества Европейского Союза с каждой страной Центральной Азии по отдельности, выявляя положительные стороны и недостатки стран Центральной Азии на пути построения демократии, а также проведен анализ политических интересов каждой стороны.

Ключевые слова: эффективность, безопасность, сотрудничество, Европейский Союз, Центральная Азия, geopolитика, демократизация.

Introduction

The political interests of the EU in Central Asia are a phenomenon which is hardly tangible. It is the result of the fact that the EU still has not developed a unified mechanism for making foreign policy decisions. Several supranational bodies associated with the EU (European Council, European Commission and EU Council of Ministers), participate in decision-making. «To an outside observer, Europe acts as a bloc with all 27 member states discussing issues and unanimously making decisions on foreign policy. But behind the scenes lies a tacit agreement that the largest member states with the most resources take the lead» [1]. If there are different approaches to solving various problems of world politics (the problem in Iraq in 2003 revealed the differences in the approaches of a number of EU countries), then it is impossible to speak of an efficient foreign policy of the EU outside the Europe.

The main problem of the European policy is to achieve pseudo compromises, i.e. it means that the EU prefers not to solve problems but to reach a compromise by moving aside the problems in the future. A typical example is the decision to admit the 10 candidate countries, when the transition period has been drastically reduced, although the unavailability of most of these countries to join the European Union was evident.

The common European foreign and defense policy is actually a geopolitical project. Its essence is to transform the EU from an economic giant into a full-fledged geopolitical actor. As conceived by France and Germany, the EU will build up its armament and armed forces; at the beginning the number of European army would be sixty – hundred thousand, but further it is planned to bring it up to two hundred forty thousand people. These forces will be equipped with the latest military equipment, and they will possess strategic opportunities [2, c.124].

Methods

The situation, connected with the security cooperation between the European Union and Central Asia, is mainly considered through systematic approach and with the use of quantitative methods. The authors study the documents, such as EU strategies, resolution of the UN Security Council, and apply comparative analysis in contemplation of level of security cooperation between each Central Asian country and the European Union.

Results

The EU enlargement will inevitably lead to an increased international responsibility of the EU on the world arena. Ambassador Hugo Paemen has assumed that «as Europe continues to integrate domestically, it will be forced to reassess the image that it projects in the world. As it does so, institutional reform will become even more compelling if the European Union is to conduct the coherent external policy that most people in the world expect of it» [3]. The EU intends and would have to position itself as a geopolitical force in such regions as Middle East, the Mediterranean, the Caucasus and Central Asia, in its relations with Russia, Iran, China, South Asia, Asia Pacific, Latin America and Africa. Sooner or later, the united Europe will face with the problem of review of its foreign policy of ‘Atlantic dimension’, which means that it needs to review its relations with the United States and its policy within NATO.

As for Central Asia the official EU institutions presented a number of initiatives for democratization and pluralization of political processes in Central Asian republics [4], [5], initiatives to suppress the spread of drug trafficking throughout the territory of Central Asia[6]. Often the measures used by the EU countries in the early 1990’s were intuitive reaction to a suddenly formed geopolitical vacuum in the vast expanses of Central Asia.

The political position of the EU for Central Asia is set out in the EU strategy [7], its implementation is under the control of the Council of the European Union [8]. The EU policy in the region focused on security and conflict prevention, elimination of sources of political and social instability, as well as improving the investment climate in Central Asia (with assistance of such programmes as TACIS, TEMPUS, etc.) [7].

In fact, one of the major challenges for the EU is to try to restrain the drug flow coming from Afghanistan via Tajikistan and further to Europe. Cen-

tral Asian traffic entirely provides a drug market in Europe and the USA with heroin. The problem of drug trafficking is inextricably linked with the problem of terrorist groups that put control over the drug flow, making them the source of terrorist activities’ financing. The UN debates on drug trafficking resulted in the following affirmation: «Success in the global fight against trafficking in drugs..., as well as the associated problems of transnational organized crime and money-laundering, required interlocking national, regional and international strategies rooted in global cooperation» [9]. The Resolution 1373 of UN Security Council on counter-terrorism has been supported by the EU as an official response to Islamic groups in Central Asia. The support is rendered on all levels and the EU exerts every effort in order «to facilitate the implementation of the Resolution in the framework of the main assistance programmes and programming documents» [10].

The desire of the EU to improve the investment climate in the region is declared as a measure of political nature, although, obviously, the main reason is the desire of the biggest countries-investors to control their investments in the economies of the Central Asian region. Ultimately, the politicians in the EU aspire to form the so-called ‘Security belt’ or ‘quarantine’ in the region of Central Asia, verging on the Islamic world, and threatening the security of Europe by immigration, terrorism, as well as by distributing narcotics.

The EU as Western entity has its own idea of democracy, Central Asian countries, having declared their adherence to democratic transformation have their own view on that issue. Such misunderstanding can impede to cooperation and thereby complicate relations in security sphere. All participants of cooperation need to take into consideration the differences in diagnosis, prognosis and underling beliefs of Western and Central Asian ‘frames’ [11].

